

#КүшімізБірлікте

«Маған
елімнің амандығы
мен жерімнің
тұтастығынан
асқан ешбір
құндылық жоқ».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

РАМАЗАН – 2022



ОРАЗАНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ

11

ҒАШЫҚТАР КҮНІ



МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР

24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 13 сәуірдегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 098 352

II компонентпен

1077 954

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 13 сәуірдегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 467 542** адам,
II компонентпен **9 202 834** адам
вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –
3 543 433

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде
13 м/с

15.04.2022

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №39 (6174) 14 сәуір, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Узра Зеймен және Еуропарламент депутаттарымен кездесті



АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Узра Зеймен кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету бойынша бұрын қол жеткен уағдаластықтарды растады. Шаһар басшысы АҚШ Мемдепартаментінің өкілдерін Алматы экономикасын қалпына келтіру бойынша әкімдіктің жүргізіп жатқан жұмыстары, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының алдағы жоспарлары туралы хабардар етті.

2

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АВТОБУСТАР

Алматы жолдарына шықты



Мегаполистің қоғамдық көлік паркі газбен жүретін 105 жаңа экологиялық таза және жайлы Golden Dragon автобустарымен толықты.

2

ҚЫСҚА...

- Алматы мемлекеттік бюджетке 929 млрд теңге мөлшерінде салық түсімдерін қамтамасыз етті.
- Мегаполистің мемлекеттік бюджетке түсімі алғаш рет үш трлн теңгеден асатын болады.
- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына үш айда 126 млрд теңге қаржы түсті.
- Бүгін Алматы қаласы әкімінің Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді.
- Еліміз «Байқоңырды» жалдау ақысын 3,2 млрд теңгеге қымбаттатты.
- Құрылыс саласына қадағалау күшейтіледі.
- «Жалын» телевизиялық жастар байқауы жарияланды.
- «Алтын Орда» базарының қызметін тексеру барысында 1 миллиард 600 миллион теңге көлеміндегі заңбұзушылық анықталған.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

- ✓ Конституциялық кеңес Конституциялық сот болып өзгереді
- ✓ Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі мен қызметін Конституцияда жеке бап ретінде (прокуратураға ұқсас) регламенттеу. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын беру
- ✓ Прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңдарға Конституциялық заңдар мәртебесін беру
- ✓ Жоғары Сот Кеңесі отырыстарын онлайн өткізу. Жоғары Сот Кеңесінің конкурс қорытындысы бойынша түсініктемелерін жариялау
- ✓ Алқабилер сотының қатысуымен өтетін істердің санатын кеңейту (Қазір өте ауыр істер ғана қаралады)
- ✓ Бас прокуратураға азаптау туралы істердің айрықша тергеулігін белгілеу
- ✓ Конституциядан өлім жазасын жазалау түрі ретінде алып тастау



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022

Almaty
AQSHAMY



● АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

АЛМАТЫДАҒЫ ВЕЛОТРЕК жаңғыртылады



Мемлекет басшысы Astana Qazaqstan Team велокомандасының бас менеджері, Қазақстан велоспорт федерациясының вице-президенті Александр Винокуровпен кездесу өткізді.

Олимпиада чемпионы Президентке Astana Qazaqstan Team велокомандасының соңғы жетістіктері мен алдағы жоспары туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі велоспорттың дамуы жөнінде, бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау, соның ішінде еліміздің түрлі қалаларында велосипед тебудің экстремальді түрімен айналысатын

спортшылар мен әуесқойлар үшін BMX парктерін салу және Алматыдағы велотректі жаңғырту жайында мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы велокоманданың алдағы кезеңге арналған жоспарын қолдап, Astana Qazaqstan Team Қазақстанның халықаралық аренадағы спорттық бренді екенін ерекше атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АВТОБУСТАР

Алматы жолдарына шықты

(Басы 1-бетте)

Жақын арада қалаға тағы 45 автомобиль жеткізіледі деп күтілуде. Ағымдағы жылы экологиялық таза көлік үлесін 50%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.

Сыйымдылығы 90 адам Евро-5 экологиялық класты едені төмен, үш есікті автобустар кондиционермен, бейнебақылау камераларымен, аялдамалардың автоматты дауыстық хабарландырумен, жүргізушінің шаршағанын тіркейтін датчикпен, бейнетіркегішпен, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған пандуспен және басқа да опциялармен жабдықталған.

Техникалық жабдықталғаннан кейін бүгін №44 бағыт бойынша 14 жаңа автобус жолға шығады. Қал-

ған автобустар жақын күндері техникалық дайындығына қарай ең көп жүретін бағыттарды жаңарту және күшейту үшін жолға шығады.

Жалпы, бірінші жартыжылдықтың соңына дейін қоғамдық көлік паркі 300 жаңа автобус алатын болады. Жыл ішінде қосымша 250 газ автобусын жеке тасымалдаушы сатып алады.

Бүгінде қала әкімдігі экологиялық жағдайды жақсартуға бағыт алды. Бұл бағытта экологиялық таза көлік санын арттыру, ауаның жағдайын жақсарту, халықтың өмірі мен денсаулығы үшін жайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету, автобустардың жүктемесін азайту және жолаушылар айналымын ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ақтоқпн ТҮРЛІҒАЗЫ.

● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

(Басы 1-бетте)

Бүгінде қала экономикасы біртіндеп қалпына келтірілуде. Осы жылдың басынан бері үш айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға (+19,8%), өнеркәсіпке (+11,5%), құрылысқа (+38,6%) инвестициялар көлемінің өсуі байқалады. Алматыда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 8,5%-ға өсті және 213 мыңнан асты.

Тараптар сондай-ақ, екіжақты ынтымақтастықтың оң қарқынын атап өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматы мен

АҚШ арасындағы тауар айналымы 662,1 млн АҚШ долларын құрады. Қалада 128 бірлескен кәсіпорын және американдық компаниялардың 399-ы (Қазақстандағы 695-тің) тіркелген.

Кездесу барысында азаматтық қоғамдастықпен, үкіметтік емес ұйымдармен одан әрі ынтымақтастық, ESG қағидаттарын енгізуді жандандыру және қаланы инклюзивті дамыту мәселелері талқыланды.

Келіссөз барысында америкалық тарап Алматыдағы АҚШ Бас консулдығының жаңа ғимаратын салу ниетін растады.

Ал Еуропарламент депутаттарымен кездесуде тараптар Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы қарқынды және дамып келе жатқан ынтымақтастықты атап өтті.



Еуроодақ біздің еліміздің жаһандық сауда-экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады және Қазақстанның басты инвесторларының тізіміне кіреді. Тауар айналымы 2021 жылы 28,9 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда, 17,9%-ға жоғары.

Алматыда ЕО елдері капиталының қатысуымен 713 бірлескен кәсіпорын және 1699 (Қазақстандағы 695 компания-

дан) компания тіркелген. Қала басшысы Еуропалық парламент делегациясының мүшелерін Алматы экономикасын қалпына келтіру жұмыстары, қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың алдағы жоспарлары туралы хабардар етті.

Сондай-ақ, кездесу барысында азаматтық қоғамдастықпен және үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) өзара іс-қимылды жандандыру мәселелері көтерілді, олардың

бүгінде қалада 4 мыңнан астамы бар (республика бойынша жалпы санының 20%-ы, Қазақстан Республикасында –19 мыңнан астам).

Кездесу соңында тараптар экономиканың басым бағыттары және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласы бойынша ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТҰСАУКЕСЕР

ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ЖАҢА БӨЛІМШЕСІ

«Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдығына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде Қазақстан Журналистер одағының бөлімшесі ашылды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін ҚР Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матайұлы алып, жиналған көпшілікті осынау қуанышты мерекелі күнмен құттықтады.

– Бұл қарашаңырақ қолына қалам ұстаған барлық ақпарат саласы қызметкерлерінің туған үйі іспетті. Бәріміз осы жерден түлеп ұштық. Қиын да, қызық саланың әліппесін оқып, үйрендік. Бүгін мен де, сіздер сияқты ұшқан ұяма үлкен толғаныспен, қуанышпен келіп тұрмын. Елімізге белгілі журналистика саласының нағыз майталмандары осында бас қосып отыр. Журналистер одағының еліміз бойынша бес жүзден астам мүшесі болса, өзіміздің туған факультетімізден ҚР Журналистер одағының бөлімшесін ашуды көптен бері армандап келген едім. Бүгін сәті келген сынайлы, – деген Одақ төрағасы еліміздің басқа өңірлерінде де мұндай бөлімшелердің ашылатынын жеткізді.

Сөз кезегін алған Қазақ ұлттық университетінің проректоры Әлия Мәсәлімова оқу ордасында «Төртінші билік» бөлім-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

шесінің ашылуына байланысты жоғары оқу орны ректорының құттықтауын жеткізді. Содан кейін Қазақстан Журналистер одағы мен Қазақ ұлттық университеті арасындағы Ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осыдан соң шараға қатысушылар университетте ашылған белгілі көсемсөз шебері Жұмабек Кен-

жалин атындағы дәрісханаға жиналып, дәл осы қуаныш аясында танымал қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы-журналист Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың мың жасаған шаһардың шежіресіне айналған «Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдығына орай шығарған «Моя Вечерка» жаңа кітабының тұсаукесер рәсімін жасады.

Рәсім барысында шаһар шежіресіне айналған «Моя Вечерка» кітабының жарыққа шығуына ұйытқы болған «Alatau Aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры Төлеміс Бақтыбайұлы Құлмұхамедов Қазақстан Журналистер одағының Алтын медалімен марапатталды.

ӘКІМ ЕСЕБІ

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРІДІ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес кеше Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай аудан тұрғындарымен кездесті.



Досбол
АТАЖАН

Кездесу барысында аудан әкімі ауданда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

- 2021 жылы Наурызбай ауданына құйылған инвестиция 126 млрд теңгені құрады;
- Шағын және орта бизнес субъектілері 11108 дана болды;
- Мемлекеттік бағдарлама негізінде 179 субъектіге 897,1 млрд теңге көлемінде көмек көрсетілді;
- «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасының негізінде 150 жоба, «Еңбек 2017–2021 жылдары» 13 жоба іске асырылып жатыр;
- 3300 жаңа жұмыс орны құрылды;
- Аудан көшелерінің 85%, яғни 348 көше асфальтталған;
- 2021 жылы жалпы есепте 150 көшеге шұңқырларды жамау жұмыстары жүргізілген;
- 18 спорт алаңы, балаларға арналған 16 ойын алаңы құрылды.

Сондай-ақ, Санжар Әділұлы алдағы уақытта атқарылатын жобалар тізімін де айтып өтті. Жақын арада орындалатын жұмыстардың қатарына 150 мың адамды сумен қамтитын «Ақсай» су станциясының, мемлекеттік бағдарлама негізінде 6 мектеп салудың және өзге де инфрақұрылымдық жобалардың кіргені айтылды.

Қысқаша баяндамадан кейін аудан әкімі тұрғындарды толғандыратын сұрақтарға жауап берді. Тұрғындар тарапынан су жетіспеушілігіне, кәріз құбырларының болмауына, қауіпсіздікке байланысты және өзге де өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойылды. Аудан әкімі айтылған сұрақтардың басым бөлігіне жиын басында жауап беріп, кейбір мәселелерді жеке қарауына алатынын ескертті.

Айта кеткен жөн, ел Президентінің тапсырмасын іске асыру барысында Наурызбай ауданының әкімі С.Тоғай 5 рет көшпелі кездесу және 27 қабылдау өткізді. Оған барлығы 691 адам қатысып, 252 сұраққа жауап берілді. Оның ішінде 72 мәселе шешімін тапты, 87-сіне түсініктеме берілді және 93 мәселе қаралу үстінде.

ТЕКСЕРУ

ІРІ ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласындағы «Алтын Орда» базарының қызметін тексеру барысында 1 миллиард 600 миллион теңге көлеміндегі заңбұзушылық анықталған. Бұл туралы Сауда және интеграция министрлігі сауда комитеті төрағасының орынбасары Айдар Әбілдабеков хабарлады.

«Алтын Орда» – жалпы Орталық Азиядағы ең ірі базарлардың бірінен саналады. Оның аумағы – 28-29 гектарды құрайды.

Спикер мәлімдегендей, ол тек қолға түскен алғашқы деректер бойынша мәлімет беріп отырғанын айтты. Тексеру нәтижелері әлі толық шықпаған. Базардағы кейбір нысандар заңсыз салынғаны анықталған. Базарды тексе-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

рудің толық қорытындысы әлі шығарылмаған. Себебі, атқарылған жұмыс өте ауқымды.

«Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес, Бас прокуратура еліміздегі сауда орындары мен базарлардың қызметін тексеруді тапсырды. Осы орайда барлық өңірде арнайы топтар құрылды. Олардың құрамына жергілікті әкімдік, салық, сауда депар-

таменті, бәсекелестікті қорғау және даму департаменті мен басқа да құзырлы орган өкілдері кірді. Осылайша «Алтын Орда» базарының қызметін 70 адамнан тұратын топ тексерді. Тексеру барысында 1 миллиард 600 миллион теңге көлеміндегі кемшілік табылды», – деді А.Әбілдабеков.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАУІП ҚАЙДАН?

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Алматыда «Молодежный» шыңы аумағында қар көшкіні болды.

Алматы ТЖД мәліметінше, кеше сағат 13.28-де 109 құтқару қызметінің жедел кезекшісінен Тұйықсу ауданы «Молодежный» шыңында қар көшкіні болғаны туралы хабарлама келіп түскен. Көшкін астында 2 адам қалып қойған.

Оқиға орнында іздестіру жұмыстарын «Тұйықсу» бақылау бекеті құтқарушылары, ТЖД құтқарушылары (6 қызметкер және 2 техника), республи-

калық жедел-құтқару жасағы (7 адам және 1 техника), сондай-ақ «Қазселденқорғау» және Құтқару қызметінің арнайы қызметкерлері (5 адам және 2 техника) жүргізді.

Бұған дейін ТЖД «Қазгидромет» РМК жасаған ауа райы туралы ескерту бойынша 2022 жылғы 9–13 сәуірде қала тұрғындары мен қонақтарына sms, «Дәрмен» мобильді қосымша және қаланың медиаборттары арқылы алдын ала хабар берген. Қар көшкінінде жоғалған 2 адамның біреуі аман табылды. Ол жаракат алған.

Кешке қарай құтқарушылар екінші адамның денесін тапты. Қаза тапқан тұлға Франция азаматы болып шықты.

– Оқиға орнында алты адам болған. Олардың бесеуі – Франция азаматтары және біреуі – қазақстандық. Зардап шеккен бір Франция азаматы құтқарылды, екіншісі қар басып қалғандықтан көз жұмған. Кинологтар көмегімен оның денесі қардан аршып алынды, – деді ТЖД өкілі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

Ғалымдар әлеуеті артты

«Ғылым туралы» Заңға өзгертулер енгізілді



Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмалары аясында «Ғылым туралы» Заңға өзгертулер енгізілді. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.



Рая
ЕСКЕНДІР

• **Енді тарих, қазақ тілі, философия, археология, математика, шығыстану және басқа да салалар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген 4 мыңнан астам ғалым тұрақты еңбекақы алады.**
• **Ғылыми жобаларды қаржыландыру мерзімі бұрынғы 3 жылдан 5 жылға дейін созылды.**
• **Жас ғалымдарды қолдау үшін постдокторантураға мың грант бөлінді. Арнайы конкурстар басталды. Соның аясында 2 мыңнан астам жас ғалым 17 миллиард теңгенің грантын алды.**
• **Президент тапсырмасы бойынша ғалымдардың әлеуетін арттыру шаралары қабылданды. Жыл сайын 500 отандық маман республикалық бюджет есебінен әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді.**

Өздерінің кәсіби мерекесі – Ғылым күнін ғалымдарымыз осындай ажолтай жаңалықтармен қарсы алып отыр. Бұл күні Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған министр Президентке Жолдауда берілген тапсырмаларының орындалу барысы, министрліктің білім және ғылым жүйесін жақсартуға бағытталған бастамалары жөнінде баяндады. Мемлекет басшысына балалар құқығының бұзылу фактілерін азайту үшін жекеменшік балабақшалардың жауапкершілігін арттыруға және мектеп бағдарламалары мен оқулықтарды әзірлеудің жаңа тәсілдеріне қатысты ұсыныстар берілді.

Министрдің есебін тыңдаған Президент мектептегі білім беру сапасы мен мұғалімдердің мәртебесін арттыру жөніндегі мақсатты жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жоғары оқу орындарына лицензия беру тәртібін жетілдіру және іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізетін институттарды қолдау қажет деп санайды.

● ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі қазақстандықтардың көңіл күйін зерделеу және талдау мақсатында наурыз айында жүргізген әлеуметтік зерттеудің нәтижелерін жариялады, деп хабарлады «Ақшам-ақпарат».



Қазақстандықтар не дейді?

Отандастарымыз Мемлекет басшысының қызметіне оң баға берді

Әлеуметтік зерттеу биылғы жылдың 15–24 наурыз күндері аралығында өткізілген. Сауалнамаға 18–50 жас аралығындағы 1863 респондент қатысты, олар интернет пайдаланушылары. Сауалнама Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен елдің 14 облысының әрқайсысындағы әкімшілік орталықтарды, жергілікті маңыздағы қалаларды және селолық елдімекендерді қамти жүргізілген.

Сауалнама нәтижелері бойынша:

- Респонденттердің 70,8%-ы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қызметін оң бағалаған.
- Сұралғандардың 67,4%-ы Президентке деген қарым-қатынасы оның соңғы сайланғанынан кейінгі кезеңде жақсарғанын мәлімдеген.
- Респонденттердің 42,1%-ы Президент, ең алдымен, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге назар аударуы керек деп есептесе, қазақстандықтардың 41,4%-ын жалақы, зейнетақы және жәрдемақы деңгейін көтеру мәселесіне маңызды беру мәселесі толғандырады. Отандастарымыздың 35,3%-ы Президенттің азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көңіл бөлгенін қаласа, сұралғандардың 32,5%-ы халықаралық байланыстарды нығайтуға

көңіл бөлу қажет деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың 26,3%-ы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөлгенін қалайды.

Сауалнамаға қатысушылар:

- Мемлекетіміздің қауіпсіздігі (56,7%);
- Әлеуметтік әділеттілік (35,9%);
- Тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму (28,7%);
- Әрбір отбасының амандығы (28,6%);
- Қоғамдағы достық пен келісім (26,8%) мәселелері Президент қызметінің негізгі бағдары болуы тиіс деп есептейді.

Респонденттердің көп бөлігі (71,3%) жақын арадағы екі жыл ішінде елде жағдай әлдеқайда жақсара түсетіндігін алға тартып отыр.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері халықтың 20,5%-ы Үкіметке, ал 15%-ы жергілікті атқарушы органдарға үміт артатынын көрсеткен. Қоғамның Парламентке (Сенат, Мәжіліс) деген сенімі – 14,1%.

Сауалнамаға қатысушылардың 60,2%-ы ең маңызды құндылыққа – қауіпсіздікті жатқызса, 34,3% респонденттер үшін басты құндылық – тәуелсіздік!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● #ЖОЛДАУ2022



Аскарбек ҚҰСАЙЫНОВ,
Педагогикалық Ғылымдар академиясының
Басқарма төрағасы, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты, академик

Тарих сахнасында қандай болмасын мемлекеттің егеменді ЕЛ болуы оңай дүние болмаған. Ал егемендігін алған елдің өсіп-өркендеп, дамыған ел болуы өте ауыр үрдіс екенін жақсы білеміз. Бұл сол елдің басшысына да, халқына да үлкен сын болады.

Уақыттан ұтылуға болмайды

Қазақ халқының егемендігін еншілеп, Тәуелсіздігін тұғырлатқанына 30 жылдан жаңа асты. Бұл тарихи даму тұрғысынан алып қарағанда көп уақыт емес, бірақ ХХІ ғасырда, әр күннің салмағы еселеп ауырлап тұрғанда, уақытпен дұрыс санасу керек.

Өзінің 30 жылдық өмірінде алдымен экономикалық дамуды басты мақсат етіп қойған елге саяси реформа ауадай қажет болды. Мұны халық та, Мемлекет басшысы да жақсы сезінді, жақсы түсінді. Қасым-Жомарт Тоқаев өзі айтқандай, ұзаққа қалдырмай, әлемде болып жатқан аса күрделі жағдайларды ескере отырып, елімізде саяси реформа жасау жөніндегі өз ойын халыққа жария етті. Халық болса, тапжылмай отырып мұқият тыңдады, тыңдады да, Президент Жолдауын нықтарынан ауыр жүк түскендей, толғанысты ризашылық сезіммен қабыл алды деп ойлаймын.

Жолдауда айтылған, саяси реформа жасаудың 10 бағытын да толық қолдаймын. Президент айтқандай, Жолдаудың әр бағыты көп ойланып, көп толғанып, терең ойланыстан туған шешімдер екені байқалады. Әр бағыттың астары тым тереңде жатыр, олар қалтқысыз түсініп, ел болып жұмыла отырып қыруар іс тындыруды қажет етеді. Біз, бұл

арада, осындай саяси реформа жасауда кешігіңкіреп қалғанымызды да ескеруіміз қажет. Олай болса, енді уақыттан ұтылуға болмайды.

Мен, бұдан 30 жыл бұрын, мемлекеттік деңгейде білім саласында реформа жасауға тікелей қатысқан жанмын. 1992 және 1996 жылдары дайындалған, еліміздің Білім беруді дамыту бағдарламаларын жасау үшін құрылған уақытша жұмыс тобына басшылық жасадым. Содан бері осы саланы дамыту проблемаларымен ғылыми әрі практикалық тұрғыда үзбей шұғылданып келемін. Бұл бағытта оқыған-тоқығаным, көңілге түйгендерім, атқарған істерім, әлемдік деңгейде мойындалған ғылыми ой-тұжырымдарым бар, яғни еліміздің білім беру саясатын жетілдіруге қатысты өзіндік ой қалыптастырған жанмын.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – қандай болмасын елдің өсіп-өркендеуінің түпқазығы болатын болса, осы бағытта Үкіметтік емес ұйым – Педагогикалық Ғылымдар академиясының мүшелері, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты толық қолдап, әрқайсымыз Президентіміз аманаттаған реформаны іске асыру мақсатында тиянақты істер атқаратын боламыз.

Түбегейлі өзгерістер бастауы



Ералы САУРАНБАЕВ,
Алматы қаласы Мәслихатының депутаты,
Amanat партиясы фракциясының мүшесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауы еліміздің саяси және институционалды дамуындағы жаңа кезеңнің бастауы болды деген ойдамын.

Президент елімізде қордаланған проблемаларды және қоғамның көтеріп жүрген түбегейлі мәселелерін шешу мақсатында, әрі Қазақстандағы биліктің бағыттары арасындағы балансты қамтамасыз ету және демократия құндылықтарын нығайту мақсатында үлкен реформаларды белгіледі.

Мемлекет әр уақытта халықтың пікірімен санасуы қажет. Осы ретте бірнеше жыл бұрын әзірленіп, іске асырыла бастаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының маңыздылығына көз жеткіздік.

Жолдауда «Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес» деп нақты мәлімделген болатын.

Кешенді реформалардың алғашқысы – Қазақстан супер президенттік биліктен қаунары мол парламенттік республикаға трансформациялануы. Жалпы, елімізде іске асырылып келе жатқан демонополизация, шағын және орта бизнестің кеңінен дамуына жол ашу, қарапайым азаматтардың өз жеке бизнесін бастауға мол мүмкіндіктер беруге арналған өзгерістер тізбегі орынды деп есептеймін. Себебі, экономикалық қағидаттар мен тәжірибелерге жүгінсек, күшті мемлекет пен тұрақты қоғам – тұрмысы қалыпты орта топқа жататын азаматтардың үлес салмағының мол болуына тікелей байланысты.

Келесі маңызды мәселе – жергілікті өкілді биліктің, яғни мәслихаттың жұмысын

жетілдіріп, рөлін күшейту. Президент нақты атап өткендей, «Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады». Алдағы уақытта мәслихаттарға өңір әкімдерін ұсыну барысында Президент екі үміткердің кандидатурасын енгізетін болады.

Мәслихат – халықтың мүддесін білдіріп, азаматтардың тұрмысын арттыру, аумақ шеңберіндегі маңызды шешімдер мен ережелерді қабылдау, қоғамдық тыңдаулар өткізу және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуға арналған өкілді орган. Алматы мәслихаты жұртшылықпен тығыз жұмыс істеп, жаңа бастамалар мен ірі жобалардың ұйытқысы болып келеді. Жақында елімізде алғаш рет Алматы қаласында бюджеттің жобасы пысықталып, қалыптастырыла бастағанда, бірінші кезекте мәслихат депутаттарының қарауына енгізу жөніндегі қала әкімінің өкімі күшіне енді. Депутаттар халық үшін, белгілі бір көшелер мен шағынаудандардың тұрғындары үшін әлеуметтік маңызға ие сұрақтар мен өзге өзекті мәселелерді бюджет жобасына бастапқы кезеңде енгізетін болады. Бұл үлкен реформалардың алғашқы қадамдары.

Алдағы жақын уақытта, конституциялық заңдарға өзгерістер енгізілгеннен кейін мәслихаттар жұмысының қарқыны артып, ел мүддесін қорғау жолындағы құзыреті күшейтілетін болады.



ӨНЕР

КӨЗ БОЯЙТЫН ҚАРА СҮРМЕ

Әселдің сурет салудағы жаңа технологиясы



Алматылық суретші Әсел Сабыржанқызы Instagram парақшасына Кенесары ханның суретін қалай салғаны туралы баяндайтын видеосымен бөлісті.



Кенесары хан

Нұржамал
ӘЛШЕВА


Видеосының астына суретші: «Кенесары ханның барлық сүйегі туған жерінде жерленіп, оның жаны тыныштық тапса, қазақ халқы нағыз берекеге кенеледі деген сенім бар. Кенесары Қасымұлы – 1837–1847 жылдарда қазақтардың Ресей империясына қарсы тәуелсіздік алу үшін жүргізген ұлт-азаттық антиотаршылдық қозғалысының жетекшісі», – деген жазба қалдырды.

Әселдің айтуынша, ханның суретін өзгеше етіп салуды бір ай бойы ойлап, миында пісіріп жүріпті. Оның көпке ұсынған суретінің ерекшелігі сонда, хан бейнесін көз бояйтын қара сұрмемен салып шыққан. «Көрерменнің назарын өнерге аудару үшін ерекше материалды қолдану керек. Сол үшін мен көз сұрмесін пайдаландым. Ақ параққа кіп-кішкентай көп адамды салу арқылы, солардың бәрінің басын қосып, ханның бейнесін шығардым. Басты идеям – Кенесарыны үш жүздің басын біріктірген тұлға екенін көрсету болды. Сондықтан суреттегі кішкентай көп адамды сол кездегі Кенесары көтерген тудың астына жиналған халық десе болады. Суретті екі күнде салып шықтым», – дейді Әсел.

Әсел Сабыржанқызы туралы бұрын да естігеніміз бар-ды. Алматыда дүниеге келген. Сурет салуды төрт жасынан серік еткен. Бұған дейін кішкентай көп адамның сұлбасын біріктіру арқылы Керей мен Жәнібек хандардың, Дінмұхамет Қонаевты бейнелеген. Сондай-ақ, үш қарындашпен бір уақытта Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді, Алаш арыстары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсын-нов, Міржақып Дулатовтың суреттерін салған. Үш қарындашпен бір уақытта деген ол қалай десеніз, сызғышқа бекітілген үш қарындаш арқылы бір мезетте айқыш-ұйқыш суреттер сыза бастайды. Қызығы сол, үшеуінің сызып жатқан картинасы үш түрлі шығады. Суретші үш қарындаштың ортаңғысын ұстайды. Сол арқылы қалған екі қарындашты кейде иіп, кейде көтеріп, бейімдеп отырады. Ең бастысы, үш қарындаш қай жерде, қашан, қалай жұмыс істейтінін жіті қадағалап отырады. Міне, ерекшелікті жақсы көретін Әселдің сурет салудағы жаңа технологиясы осындай.

Еске сала кетейік, биыл қазақтың соңғы ханы – Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толады.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



«Кемпірқосақ» көрмесі ашылды

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында Балалар жылына орай «Кемпірқосақ» атты республикалық көрме ашылады. Бұл көрме «Балалар аманаты» жобасы аясында, Қазақстанның Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің қатысуымен өтеді.

«Балалар аманаты» жобасының мақсаты – республикамыздағы бүкіл көркем еңбек пәні мұғалімдерінің басын қосу, болашақта өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен білім негізін ұштастыру, сондай-ақ әркілі жанрдағы туындылардың қыр-сырын тарих тағылымына терең бойлата отырып, осы ұстаздардың арқасында көрерменге жеткізу. Бұл жыл Президентіміз Қ.Тоқаевтың ұсынысымен «Балалар жылы» деп белгіленді.

Шығармашылықпен айналысатын еліміздің түкпір-түкпірінен қатысатын үздік 80-нен астам ұстаздың туындылары қойылды. Сонау есте жоқ ескі заманнан бері келе жатқан ұлттық өнерімізді өскелең ұрпақтың бойына дарытып, бабаларымыздың киелі өнерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, тарих беттерінде алтын әріппен жазып қалдыру – ұстаз міндеті, ұрпақ парызы деп білеміз.

Биыл «Балалар аманаты» ұлттық жобасының құрылғанына үш жыл толады. Жобаға ҚР Суретшілер одағы, ҚР Дизайнерлерінің Еуразиялық одағы, Қолөнер одағы және шығармашылықпен айналысатын Қазақстан Республикасының Көркем еңбек мұғалімдері

кіреді. Олар Түркия, Греция және Орталық Азиядағы халықаралық көрмелерге үнемі қатысады.

Қанағат Кодеков – «Балалар аманаты» жобасының жетекшісі, кураторы, «Үздік педагог–2021» жеңімпазы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Балалар аманаты» Халықаралық және республикалық көркем еңбек пен кәсіби суретшілер жинағының авторы. «Балалар аманаты» – Қазақстан Республикасының халықаралық кәсіби суретшілері мен талантты Көркем еңбек мұғалімдерінің үздік шығармаларының жинағы. Сондай-ақ, әл-Фарабидің 1150 жылдығына, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және т.б. арналған шығармалар жинақтары жарық көрді.

Көркем еңбек пәндерін оқытатын республиканың барлық өңірлерінен келген 800-ден астам ұстаз, шығармашы педагог «Балалар аманаты» жобасында республикалық және халықаралық деңгейде педагогикалық өнерді насихаттау мақсатында бірікті. Жоба мүшелері елімізде өтіп жатқан мәдениет күндеріне белсенді қатысып, көрмелер өткізеді.

Қазіргі уақытта еліміздің педагогикалық қоғамдастығы өскелең ұрпақты ұлттық бейнелеу өнерінің құпиялары мен қыр-сырына үйрету үшін тынымсыз еңбек студе өнер арқылы оларды қазіргі заманғы көркемдік бағыттармен таныстырады, эстетикалық тәрбиені, сұлулықты дұрыс түсінуді қалыптастырады. Қазақстанның ұлттық өнерін насихаттау бойынша жұмыс жүргізуде.

Көрмені 10 мамырға дейін тамашалауға болады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Алматылықтарға биыл бақша жемісі бұйырар ма екен?!

«Қызырдың қамшысы» амалы әдеттегіден ерте көрініс берді

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Өткен жылы «көктем ерте келеді» деп, Батыстың бүкіл ақпарат құралдары жамыраса жазған еді. Десе дегендей, сәуір айы шуақты болып, тіпті ыстық болып басталды. Әйтсе де, басында екі-үш күн шуақты болғанымен, соңы жауын-шашынға ұласты.

Алматы қаласында да, маңындағы елдімекендерде де еріген қар суының салдарынан су тасқыны орын алды.

Бүгін сәуір айының 14-жұлдызы. Ай есебінше, айдың 11-і. Ал қазақы жүйе бойынша, сәуірдің 1-жаңасы. Апта айдың басын да, ортасын да, соңын да қамтып тұр. Демек, апта құбылмалы болуы мүмкін. Пайымда айтылғандай,

аптаның әр күнінде нөсер, жаңбыр орын алуы ғажап емес...

Ертең «Қызыр қамшысы» амалы басталады. Амал кезінде алғашқы найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бусанады. Халық осы найзағайдың жарқылын «Қызырдың қамшысы» ойнады деп атаған. Кей жылдары бір күндік суық орын алатын болған. Көк жүзін жаздың бұлтты қаптайды. «Қызырдың қамшысы» ойнағаннан кейін қыс біржолата кетеді деп санаған. Қазақы пайым осылай болжам жасаған.

Қазір «Отамалы» жүріп жатыр. Бұл амалды Асан қайғы бабамыз «ойылған қыс» деп те атаған. Бәлкім, осы амалдың әсері ме, Алматыда биыл күн ерте күркіреді. Найзағай мен жаңбыр ерте көрініс берді. Өрік гүлін ашып болды. Шие, қара өрік гүлдей бастады, аржағында алма кезегін күтіп тұр. Өсем де ару Алматының алуан түрлі гүлге бөленіп, нұрға кенеліп тұрған шағы бұл. Өрік адам ағзасына аса пайдалы дәруменді бойына жинаған, халқымыздың сүйікті жеміс ағаштарының бірі. Асығыс, алып ұшпа мінезімен қазаққа ұқсас. Қазақтың мінезі қызық қой. Алда не тұрғанын байыптай, бағдарлай бермейді. Тәуекелшіл халық. Өрік те сондай, көктем келіп, күн сәл жыт етсе болды, жапырағын жайып, гүлін шашып, шырайланып шыға келеді. Суыққа тез әрі көп ұрындыратын да осы мінезі.

Тәңірден тілеріміз – оңтүстік астананың шуақты шағын «Отамалының» қуатты жел-ызғары алай-дүлей күйге түсіріп, гүл-гүлнегін үсіріп отап, ойрандап кетпесе болғаны...

Алдағы аптада қазақы пайым бойынша, жауын-шашынның жиі орын алуы, салқындық сезілуі мүмкін.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ЖАЗҒЫТҰРЫМ:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, жаз – ыстық, қыс – жайлы.
- * Аңызақ ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

БАЙҚАУ

Суретті түсірген
Айша ҚОЛЫМБЕТОВА

Классика – балалар көзімен

Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Мемлекет басшысы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Осы орайда С.Бегалин атындағы Орталық қалалық балалар кітапханасында қалалық «Классика әлемі – 2022» атты көркемөз оқу шеберлерінің жеңімпаздары марапатталды.

Байқау Қазақстандық және әлемдік классиктердің прозалық шығармашылығынан үзінділерді мәнерлеп оқу бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілген. Аталмыш шараға 5–8-сынып оқушылары қатысып, бақтарын сынады. 90-ға жуық бала іріктеліп, оның 25-і финалға шығып, 6 оқушы жүлдегер атанды. Байқауға балалар жазушылары, журналистер мен Н.Саң атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер орыс театрының әртістері қазылық етті.

«Бұрындары өткен байқау республикалық деңгейде ұйымдастырылмаған. Болашақта бұл шараның ауқымы кеңейгенін қалаймыз. Балаларға қарасақ, кітапты өте қатты жақсы көреді. Таңдаған тақырыбы, мұғалімдердің даярлығы көңілімізден шықты. Том Сойердің басынан кешкендерінен бастап, өзіміздің қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, Шерхан Мұртаза секілді жазушылардың шығармаларынан үзінді оқыды. Жалпы айтқанда, жүлдеге лайықты балалар көп болды, әрқайсысы өздерін жақсы жағанын көрсете білді», – дейді «Ақ желкен» журналының Бас редакторы Есей Жәнісұлы.

Балдырғандардың шеберліктері көптің көңілінен шығып, ерекше әсер қалдырды. Жүлдегердің ішінде халықтың ыстық ықыласына бөленгендердің бірі Айым есімді оқушы. Ол Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» пьесасындағы жаны таза, көкірегі көркемдікке құштар жанды сомдаған.

«Бұл байқауға ұзақ уақыт дайындалдым. Жетекшім Нысанова Лауля апайыммен бірге Роза Мұқанованың шығармасын таңдадық. Ядролық сынақтың зардабынан мүмкіншілігі шектеулі болған Ләйля есімді қызды ойлап шығу қиынға түсті. Алайда, тынбай еңбектенгенімнің арқасында жеңімпаз атандым. Осы байқаудың арқасында актерлік шеберлікке қызыға бастадым», – дейді №142 жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушысы Бекжан Айым.



«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

БИЫЛ 350 МЫҢ ТҮП АҒАШ
ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында елді көгалдандырудың ауқымды бағдарламасын бастауды тапсырған болатын. Ағымдағы жылы шаһарда 350 мың ағаш отырғызылады. Осылайша биыл жергілікті атқарушы органдар Jasyl Almaty-ның 1 миллион ағаш отырғызу акциясын аяқтайды.

Бұл туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жасыл экономика басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Әділбаев мәлімдеді. Спикер, сонымен қатар, бүгінде мегаполисте 705 мың көшет отырғызылғанын атап өтті.

«Биыл 350 мың жасыл желек отырғызу жоспары бар, оның ішінде 72 346 көшет отырғызылды. Жалпы, осы екпелер есебінен 1 миллион ағаш отырғызу арқылы Jasyl Almaty акциясын аяқтауды жоспарлап отырмыз», – деді С.Әділбаев.

Брифинг барысында спикер Жасыл экономика басқармасының алдында қалалық экожүйені біріктіретін және биоәртүрлілікті қолдайтын қаланың «жасыл желісін» құру бойынша маңыз-



ды міндет тұрғанын атап өтті. Сондықтан ағаш отырғызу 2022 жылдың күзінде жалғасады. Тағы 277 654 жас көшет отырғызу жоспарлануда.

Басқарма өкілі жасыл желектің магистралды жолдар, жолайықтар, теміржолдар бойында, көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің аумақтарында, өзен жағалауларында, саябақ және санитарлық-қорғау аймақтарында көптеп отырғызылатынын хабарлады. Ол сондай-ақ, ағаш отырғызу кезінде дендролог ғалымдардың ұсынымдары ескерілгенін тілге тиек етті.

Алматы тұрғындарына көшеттерді тегін тарату бойынша «Жасыл аула» акциясы жалғасады. «Күзде мегаполис тұрғындарына 2 мыңға жуық көшет таратуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, біржылдық және көпжылдық гүлзарларды отырғызу 2023 жылға дейін жалғасады. Жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеге мердігерлік ұйымдармен 10 шарт жасалды. Гүл отырғызу сәуір айында басталды, өйткені бұл кезең ең қолайлы. Сәндік-гүлмен көгалдандырудың жалпы көлемі шамамен 159 мың шаршы метр», – деді ол.

КӨГАЛДАНДЫРУ

Гүл-баққа
айналады

Брифингте Алматыны гүл композицияларымен және гүлзарлармен безендіру жұмыстары биыл да қолға алынатыны сөз болды. «Біржылдық және көпжылдық гүлзарларды отырғызу 2023 жылға дейін жалғасады. Жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеге мердігерлік ұйымдармен 10 шарт жасалды. Гүл отырғызу сәуір айында басталды, өйткені бұл кезең ең қолайлы. Сәндік-гүлмен көгалдандырудың жалпы көлемі шамамен 159 мың шаршы метрді құрайды», – деді спикер. Ол сондай-ақ, шаһарда өткен жылдардың көпжылдықтырына күтім жасаумен қатар, 26 мың шаршы метр алаңға көгал егу жоспарланғанын атап өтті. Одан бөлек, қалада коламбу, абба, династи, стронг голд, лабелла, ляп топ және т.б. секілді пиязшық тамырлы гүлдер отырғызылады. Гүл егу жұмыстары 10 мамырға дейін мегаполистің сегіз ауданында да жалғасады.

Қаланың Жасыл экономика басқармасы басшысының міндетін атқарушы алматылықтардан жиналған қоқысты, жапырақтарды өртемейін сұрады. Кез келген жерге қоқыс жағу өрттің таралуына себепші болуы мүмкін. Оның үстіне, «Алматы қаласының жасыл желектерін күтіп ұстау және қорғау ережелеріне» сәйкес бұған үзілді-кесілді тыйым салынады.

#АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ!

Жасыл
желекке де
күтім керек

Маусымдық іс-шаралардың бірі ретінде ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Күтімі жақсы ағаштың діні сау, қабықтарында ауру болмайды. Аудандық әкімдіктерге 19 мың ағашты міндетті түрде өтемдік отырғызумен 1,9 мың ағашты кесуге 54 млн теңге бөлінген.

Жасыл экономика басқармасының ақпараты бойынша, Алматыда түгендеу және орман патологиялық зерттеуден өткен 2 802 737 ағаш өседі. Оның ішінде 84 628-і апатты жағдайдағы ағаштар екен. Негізінен, апатты ағаштар қаланың орталық бөлігінде және тыныш аудандарда көп.

Биылғы жылы 242 ағаш діндері мен ірі бұтақтар құлап, (ағаш діндерінің құлауы – 185, үлкен бұтақтар – 57) оларды жою бойынша жұмыстар аудан әкімдері аппараттарының коммуналдық қызметтерінің және Алматы қаласының құтқару қызметінің күшімен орындалды. Апатты жағдайдағы



ағаштар кесілген жерлерде жаңа көшеттерді өтемдік отырғызу жүргізіледі, бұл Алматы қаласының жасыл қорын жаңартуға қызмет етеді.

Спикердің айтуынша, ағаштарды кесу немесе қайта отырғызу Жасыл экономика басқармасының рұқсатымен жүзеге асырылады. Ағаштарды кесуге рұқсат алу үшін белгіленген тәртіппен құжаттарды электрондық нысанда e-Gov (e-license – қоршаған ортаны қорғау – ағаштарды кесуге рұқсат беру – Қызметке онлайн тапсырыс беру) электрондық үкіметі арқылы жіберу қажет.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Әл-Фараби даңғылындағы
көпір кеңейеді

Есентай өзені арқылы өтетін көпір – даңғылдың ең «тар» бөліктерінің бірі.

Сондықтан мұнда үнемі кептеліс болады. Оны кеңейту туралы идея шенділердің ойында бұрыннан жүрген, алайда іске асыратын уақыт енді келген сияқты. Жоба бойынша көпірді айналып өтетін жол жасалуы керек. Қалалық мобильділік басқармасының мамандары тиісті құжат 2022 жыл соңында дайын болатынын айтты. Жобаға қатысты нақты ақпарат жоқ, дегенмен көпірдің екі шетіне бір жолақтан қосылуы мүмкін. Қала билігі Абай даңғылындағы көпірді солай кеңейткен. Жоба жасаушы-

ларға берілген тапсырмада көше бойындағы жасыл желекке барынша зиян келтірмеу, сонымен қатар көлік қозғалысын қазіргі схемаға сай ұйымдастыру қажеттігі жазылған. Басқаша айтқанда, құрылыс орнын айналып өтетін жол салынуы керек. Бірақ оны айналып өтетіндей орын жоқтың қасы. Бұл мәселені шешудің бірнеше нұсқасы бар: BRT іске қосылғалы бері тарылып қалған Тимирязев арқылы, қарбалас сәтте қозғалыс қиындайтын Бұқар жырау не Сәтбаев көшесі арқылы, тіпті болмаса Абай даңғылы арқылы айналып өтуге болады. Сондықтан алдағы 6 айда Алматының жоғарғы бөлігі кептелістен көз ашпайтын сияқты.

АШЫҚ АЛАҢ

«Ашық есік» күні еді



Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы 15 сәуір күні сағат 14.00-ден 19.00-ге дейін Абай даңғылы, 90 мекенжайы бойынша «Алматыбасжоспар» ғимаратында басқарудың жаңа нысандарына көшу мәселелері бойынша «Ашық есік» күнін өткізеді.

Жоспарланған шара барысында тұрғындар МИБ және ҚС-ке көшу алгоритмдері және тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы басқа да мәселелер бойынша кеңес ала алады.

«Ашық есік» күніне жергілікті атқарушы, әділет және сот органдарының өкілдері қатысады. Анықтама телефоны: 225-14-31.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭНЕРГИЯ

Жаңа жел электр
станциясы іске қосылады

Мегаполистен 140 шақырым қашықтықта салынып жатқан қуаты 60 МВт жаңа жел электр станциясы биылғы тамыз айының басында пайдалануға беріледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, станция жылына 225,7 млн кВтс электр энергиясын өндіретін болады. ЖЭС салу және іске қосу парниктік газдар шығарындыларын 206 мың тоннаға дейін азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жылына шамамен 89 мың тонна дәстүрлі отынның орнын басады», – дейді компания өкілдері.

Энергетикалық нысан Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында Шелек дәлізінде салынып жатыр. Мұнда желдің орташа жылдық жылдамдығы – 50 метр биіктікте секундына 7,8 метр, ал ағынның тығыздығы – 310 Вт/м². Болашақта ЖЭС қуатын 300 МВт-қа дейін арттыру жоспарлануда», – делінген ведомство мәліметінде.

Жобаның жалпы құны – 37,4 млрд теңге. Оны «Самұрық-Энерго» АҚ қазақстандық жел электр энергетикалық



холдингі «Power China» корпорациясымен серіктестікте іске асыруда.

Осы тұста Алматы қаласы мен облысында жұмыс істеп тұрған энергетикалық қуаттарға – Алматы ЖЭО, Қапшағай және Алматы Каскад ГЭС, Жамбыл ГРЭС, сондай-ақ Есік, Мойнак, Қатарал, Талды-қорған ГЭС-теріне қарамастан, бұл өңірде энергия тапшылығы бар екенін айта кеткен жөн. Өйткені, еліміздің ең ірі мегаполисі орналасқан облыстағы өндіруші күштер мұндағы электр қуатына деген сұраныстың тек 50%-ын өтейді. Тапшылық сыртқы энергия өндірушілер (республиканың солтүстік облыстарынан, Жамбыл ГРЭС және Қырғызстаннан) есебінен жабылады.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

АЛМАТЫ – ЖАСЫЛ ҚАЛА

Jasyl Almaty –
1 миллион ағаш отырғызу
акциясын аяқтайды

Ағаш отырғызу күзде жалғасып,
тағы да 277 654 жас көшет
отырғызылады

Алматыда
түгендеу және
патологиялық
зерттеуден өткен

2 802 737 ағаш өседі

«Жасыл аула»
акциясы
аясында күзде
2 мыңға
жуық көшет
тарату
жоспарлануда

84 628
ағаш
апатты
жағдайда



Біржылдық және көпжылдық
гүлзарларды отырғызу 2023
жылға дейін жалғасады



Сәндік-гүлмен көгалданды-
рудың жалпы көлемі шамамен
159 мың шаршы метр

Жалпы сомасы
2,1 млрд
теңгеге
мердігерлік
ұйымдармен
10 шарт
жасалды





АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһарда халықтың әл-ауқатын көтеруге, тұрмыс-жағдайын жақсартуға қатысты қордаланған мәселелер көп. Сол себепті, тұрғындар әлеуметтік желілерде ойларын еркін айтып, мазалаған сауалдарын жүктеп жатады. Мұндай мәселемен біздің редакциямызға хабарласатын алматылықтар да көп. Біз тұрғындардың сөзінен көпшілігінің мәселесіне құзырлы орындар қырын қарап, салғырттық танытатынын байқадық. Оның басты себебі – азаматтар мен жергілікті жерлердегі мемлекеттік қызметкерлер арасындағы кері байланыстың болмауында болса керек.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Айыппұл салынсын!

Ассенизатор көліктерінің қалада кәріз суын қабылдайтын орынның барына қарамастан нәжісті көшедегі су құбырларына төгіп жүр. «Ақжар» ықшамауданының тұрғындары дәл осындай жағдайды 7 сәуір күні өз көздерімен көріп, бейнежазбаға түсіріпті. «Көпқабатты үйлердің аулаларынан шығатын жағымсыз иіс пен лас ауа, міне, осындай «немкеттіліктен» туындайды. Көлік жүргізушісі еш саспастан «су құйып жатырмын» дейді. Бұл не деген бассыздық! Өзіңіз ойлаңызшы, әр ауданда жеке үйлер бар. Олардан алынған нәжіс суларын ассенизатор көліктері осылай көшеден шықпай жатып, кез келген жерге, су құбырларына, сайға, өзенге, кәріз құдығына төгіп кете берсе, қалада қандай тазалық, қандай таза ауа болады? Халыққа жаны ашымайтын осындай адамдардың кесірінен қаншама жұрт зардап шегіп жүр. Міне, көліктің нөміріне дейін анық түсіріп алдық. Бұларды кім бақылайды, жауапты мамандар шара қолданыңыздар, айыппұл салыңыздар.



Мамандардың пікірінше, нәжісті кез келген жерге төгу экологиялық қылмыс болып есептеледі. Нәжіс қалдықтары жағымсыз иістен бөлек, түрлі жұқпалы ауруларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан мұндай заңбұзушылықтар

қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек. Тұрғындардың жанайқайын түсінеміз. Расында да бұл әрекет әрі қарай жалғаса берсе, құбырлардың бітелуіне әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан заң бұзғандар кінәларын мойындап, айыппұл арқалауы керек!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қоршаған ортаға зиян келтірген азамат ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 505-бабы бойынша әкімшілік жауапқа тартылады.

ШАҒЫМ

Құлақ естіп, көз көрмей ме?

Алматы қаласының қақ ортасымен ағатын Хамит Ерғали жағалауына күрделі жөндеу мен тазалық жұмыстарын шұғыл түрде жүргізу керек.



Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

Тұрғындар «Большая Алматинка» атап кеткен су арнасының жағдайы өте мүшкіл. Өзен арнасына жаңбыр мен ағын судан лай топырақ пен қайырлар толып қалған. Оған коқыстарды қосыңыз. Бейәдеп, ұятсыз сөздердің бетон қабырғаларға жазылғанын көріп, жаға ұстайсыз. Жағалаудың ернеуіндегі кызғылт жақтаулардың бірі сынған, екіншісі ішіне қарай құлаған. Әсіресе, әл-

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті маңындағы ахуал өте нашар. Тұрғындар мен қала қонақтары шалшық сулардың сасыған иісінен мұрнын басып әзер өтетіндігін айтып, шағымдануда. Жаз айында бұл жағалаудан өтіп, серуендеу, бала-шағаны ойнату аса қауіпті болғалы тұр. Осыған орай, тиісті мекемелер аталған мәселеге назар аударады деп сенеміз.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Жұмыс істемесе неге керек?

Шаһар көшелерінде қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы, таза, санитарлық санитария талаптарына сай дәретханалар орнатылған.

Бірақ олардың басым бөлігі көпшілікке әлі де ойдағыдай қызмет көрсете алмай келеді. Бұл туралы қала тұрғындары әлеуметтік желілерде жиі сөз қозғап жүр. Мәселен, Жанна Оспанқызы желі қолданушы парақшалардың біріне «Еуропаның ірі мегаполистері секілді Алматыда да орталық су құбыры мен кәріз жүйесіне қосылған биодәретханалар орнатылған кезде кәдімгідей қуанып едік. Бекер ме деймін. 2021 жылы Қожамқұлов пен Қарасай батыр көшелерінің қиылысына арт-объект ретінде орнатылған дәретхана әлі күнге дейін жұмыс істемейді?», – деп жазыпты.

Бұл мәселе көптің назарында жүрсе керек, тұрғынның сөзін іліп әкеткен Салтанат есімді қала тұрғыны мұндай дәретханалардың қалада жұмыс істеп тұрғандары некен-саяқ дейді: «Қалада мұндай биотуалет көп-ақ. Бірақ үнемі жабық тұрады. Сайранның маңында, Гагарин, Мыңбаев көшелерінде, тіпті, кейбір саябақтарда да олардың жұмыс істеп тұрғанын көрмеймін» десе, кейбір тұрғындар «Ашылса, жағымсыз иіс пен дұрыс тазаланбайды деп шағымданамыз.



Бізге сонда не жағады?», – деп мыскылдап өтіпті.

Тұрғындар сауалына қатысты жауап берген Шархан Тұрсынбаевтың айтуынша, қазіргі таңда инженерлік желіге қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыстар жоспар бойынша ағымдағы жылы сәуір айының 20-сына дейін бітуі тиіс.

АЛАТАУ АУДАНЫ

«Қорқынышты» көпір



Алатау ауданына қарасты «Ақбұлақ» ықшамауданында балаларға арналған ойын алаңдары жоқ емес, бар.

Бірақ олардың барлығы жарамды деп айту қиын. Мәселен, «Әли» аялдмасының жанында жалғыз ойын алаңы бар. Оған осы маңдағы балалардың барлығы ойнауға мына темірден тоқылған көпір арқылы өтіп барады. Ал көпірдің түрі мынау. Үзіліп кететіндей, шатқаяқтап әрең тұр. Тұрғындардың айтуынша, бұл көпірден күніне үлкендерден бөлек, жүздеген бала өтеді.

«Ойын алаңдары да көңілден шықпайды. Орындықтары сынған, ойнайтын орындары қираған. Өткеншектерінің бірі болса, екін-

шісі мүлде жоқ. Қазір мәселен түс кезі, адам аздау. Ал кешкісін мұнда серуендеп, балаларын ойнатуға қаншама жұрт келетінін білесіз бе? Қысқасы, жағдайымыз мәз болмай тұр. Балалар жылында бүлдіршіндеріміз үшін осы манайды әдемілеп жасап берсе дейміз» деген аудан тұрғындары әкімдіктің көңіл бөлгенін қалап отыр.

Біз осы мәселе бойынша жауапты мамандарға хабарласып көрдік. Бірақ телефон тұтқасын көтерер жан болмады-ау деймін, ешкім жауап бермеді.

Алатау ауданының әкімдігі тұрғындар өтінішін ескеріп, жақын күндері ойын алаңы мен көпір мәселесін шешеді деп сенеміз.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Шара қолданса дейміз

Алатау ауданына қарасты «Айгерім» ықшамауданындағы Нәби, 73 мекенжайында тұратын Тірек есімді аудан тұрғыны үйінің айналасын көршілері қазып тастап, жүріп-тұруға ыңғайсыздық тудырғанын айтып, редакциямызға хабарласты. Оның айтуынша, көршілері үйінің алдын заңсыз қазып, қайта қалпына келтірмей қалдырып кеткен.



шақырып та, аудандық басқарма қызметкерлеріне хабарласып та айттым. Бір-екі күнде шара қолданамыз дейді де, хабарсыз кетеді, – дейді ашынған қария.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы билік пен қоғамның арасындағы алшақтықты бір жүйеге келтіруді көздейді. Демек, мемлекеттік органдар қарапайым азаматтардың сұранысын қанағаттандыруы тиіс. Ендеше, Алатау ауданының жауапты мекеме қызметкерлері аудан тұрғынының үнін естіп, өтінішін ескеруіне қалдырмайды деп сенеміз.



Досбол
АТАЖАН

– Үйімнің көше жақтағы бөлігін көршілерім қазды да, сол күйі қалдырып кетті. Бізде әлі кәріз құбыры жоқ, сондықтан сол қазылған жерден нәжіс суы ағып жатыр. Жасым 85-те. Қолқаңды қабатын жағымсыз иіс пен қазылған жер қашан жөнге келер екен? Бұған кім жауап береді? Полиция



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

АДАМЗАТ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Басқа әлем, басқа заман, басқаша адамзат. Бұл өткен мен бүгін және болашақтың концепциясы. Көз алдымызда әлем өзгеріп барады. Соңғы 2 жыл пандемия жағдайында өтуде. Бұрын мүлдем ойламаған жаңаша кезеңге қадам бастық. Жаңалық көп. Дүниенің бір шетінде Илон Маск ғаламды таңдандыруда. Дүниедегі ең бай адам Amazon компаниясының иесі Джеф Беззос болды. Біздер көретін жаңашылдық әлі алда болмақ. Біздер осы бағытта біршама ой тербеп, зерделеп, жүйелеп, пайым-парасатты түрде ой талқылауды жөн санадық.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Осы тақырыптар төңірегінде философ, нумерологтар, дінтанушылар, қала берді жәй адамдар да ой қозғап келеді.

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат! –*

депті Бұқар жырау бабамыз. Тауып айтылған сөз. Арадан жылдар жылжып, сағат судай ағып, тағатсыз минуттар өтсе де өзекті болуда.

Жаһан

Тарихта талай данышпан өтті. Сонау ежелгі Рим империясы жарты әлемге атағы шықса да, оның да дәрмені түгесілді. Еуразия континентін түгелдей уысында ұстаған ғұн, сак, берісі түркі патшалықтары да өз орнын тарих сахнасынан босатты. Шыңғыс хан күллі дүниені дүр сілкіндірді. Әмір Темір оның ізін жалғады. Әлемдік өркениетте өз қолтаңбасымен Осман империясы билік құрды. Осы аталғандардың бәрі бір-бір дүлей дауылдай есім. Бірегей тұлға. Арысын әркім өз қиялының шарықтау шегінше ойлар. Бәлкім, сынар. Мүмкін мадақтар!

Жер планетасы адамзат пен табиғаттың үйлесімінен тұрады. Мұны сақтау, қастерлеу парыз. Шыңсыз тіршілік жоқ. Табиғат адамға, адам баласы табиғатқа зарар бермегені хақ. Бірінші табиғи құбылыс болуы ықтимал. Десе де, шөптің басын жел қимылдатпаса, шөп қозғалып несі бар?

XXI ғасыр

Біздер мүлде басқаша жағдайда ғұмыр кешудеміз. Ал XXI ғасырды арпалыс дәуірі дер едім.

Себебі, адамзаттың бір уақытта мұншалықты басқа арнаға бұрылуы күтпеген сенсация болды. Пандемия бізді өзгертті. Басқалай өмір сүру дағдысын көрсетті. Көлік-логистика, сату, сатып алу, маркетинг, менеджменттің не екендігін үйретті. Ең негізгісі, «онлайн» терминіне жан бітірді. Бұрынғыдай жұмысқа жегіліп, таңнан кешке дейін отырудың аса қажет еместігін ұғындырды. Бір адам бір мезетте өзінің қолындағы смартфон, компьютер арқылы жұмыс атқара алатынын түсінді. Тіпті, үйде отырып, сервистік қызметтердің оңай әрі тез алынатынын білді. Соған бейімделіп қалды. Бұрынғыдай мекеме, кеңсе жағалаудың қажеті шамалы. Бастысы, интернетті тиімді пайдалана алсаңыз болғаны. Аржағында бәрі қолжетімді. Әсіресе, банктегі есеп шотты білу үшін банкомат, терминал іздемейсіз. Бәрі «онлайн» байланыспен жүзеге асады. Бір сәтте бірнеше іспен айналысуға мүмкіншілік туды. Бұл бір басқа әлем, басқа заман.

АҚШ, Еуропа, Жапония, Қытай әлемнің алдына шыққалы қай заман. Десе де, енді дүниежүзілік қаржы, бизнес, экономика саласына жаңа атаулар қосылуда. Бүгінде Жерорта теңізі жағалауындағы Араб Әмірліктері, Түркияның қарқыны айрықша. Құтты дамудың даңғыл жолына түскендей әсер қалдырады. Ол солай да. Біртіндеп посткеңестік елдерге таман қарыштап өркендеудің лебі келіп жатқандай. Яғни біздерге ойысты. Соның ілгерісінде Қазақ елі бар. Күн өткен сайын өркениет көшінің ығын бағып, қаржының қай саладан өндіріліп жатқанын бағамдауда және сол бағытта оңтайлы

жұмыс атқаруда. Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғап тұрған алтын көпір. Ең негізгісі осыны әрмен қарай жалғай беру керек. Біздер арқылы жүк тасымалы жасалады. Батыс Еуропа, Батыс Қытай автодәлізі өтіп жатыр. Осы мегажобаның едәуір бөлігі біздің тарапқа тиесілі. Сондықтан осының бәрін ұдайы ойластырып, қаржы түсіру жайын пысықтай берген жөн. Солай жасалып та жатыр. Қарап бағамдар болсаңыз, мұның барлығы елдің әлеуетін көтеретін өте тиімді дүниелер саналады.

Болашақ культі

Болашақ – басы істегеннің қолында. Сол адам күллі адамзатты басқарады. Билейді. Әмірін жүргізеді. Бұл – шындық! Ауыспалы мағынада ой тербегенде – осылай.

Нобель сыйлығының лауреаты Митео Каку болашақтағы әлемнің алдында бірқатар өзгеріс болатынын айтуда. Жапон тегінен шыққан футурологтың айтуынша, осы күнгі қолданыста жүрген бірқатар мамандықтар маңыздылығын жоймақ. Мәселен, жақында шетелдік журналдардың бірінен «ковид-кеңесші», «медицина менеджері», «нанотехнолог», т.б. кәсіптердің пайда болатынын көзіміз шалды.

Біздің ойымызша, келешекте белгілі бір мекемеге барып, онда 8-9 сағат жоғалтудың қажеті болмайды. Компьютермен атқарылатын істердің бәрі қолжетімді әрі онлайн форматта болмақ. Әсіресе, ақша аударым, қызметке тұруда үлкен өзгеріс орын алады. Бухгалтерия, кадр, т.б. құжаттармен жұмыс түгелдей компьютерлік жүйеге ауысады. Тиражбен шығатын баспасөз орындарының орнын электронды медиа басады. Мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде алынады. Қажетті құжатты үйде отырып ала беретін жағдайға жетесіз.

Осының екінші жағы бар. Енді қозғалыс азаймақ. Физикалық іс-әрекеттерді адамдар тек фитнес-жаттығу, т.с.с. залдарында жасауы бек мүмкін. Есесіне, уақыт молырақ болады. Дегенмен, смарт құрылғыға байланған уақыт болмақ. Мұны нағыз жаһандану кезеңі дейміз.

Әлгіде әдейі әріден тамыр алып бастадық. Біршама тарихты қозғадық. Қысқа да нұсқа айтып өттік. Әрбірі том-том романның бастауы десек те, артық емес. Бүгінгі XXI ғасырға тоқталдық. Бұл ғасыр әлемді өзгерткен ғасыр болып тарихта қалады. Бұған дейінгі дәстүрлі өмір сүрудің кезеңі аяқталып, жаңа заманға қадам басқан уақыттың басталған жолайрығы ретінде адамзат есінде мәңгі қалады. Ал болашақ біздер экшн фильмдерден көрген шытырман оқиғаға толы болары анық. Аспанда адамдар неше түрлі құрылғы, смарт транспорт, машинаның көмегімен ұшу дәрежесіне жетеді. 100 жыл уақыт, 10 жылдың, тіпті, одан да аз уақыт көлемінде өтуі ғажап емес.

ТҮЙІН:

Адамзат үшін – өткен тарих. Бүгінгі – тіршілік жасамақ, мақсатта. Болашақ – арман және үлкен мүмкіндік. Біздер үш кезеңді зерделей келе топтадық. Келелі ойларды ортаға салдық. Аз-кем болашаққа көз жібердік. Меніңше, болжам айттық десек те, артық емес шығар.

ОБСЕРВАТОРИЯ

ҒАРЫШ ИНСТИТУТТАРЫ НЕНІ ЗЕРТТЕЙДІ?

12 сәуір – Ғарышкерлер күні. Дәл осы күні Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі ұшқанын, қазақ ғарышкерлерінің аттарын жатқа білсек те, қазіргі уақытта ғарыш айдынын зерттеп жүргендер немен айналысатынын біле бермейміз. «Almaty akshamy» газетінің тілшілері айтулы күнге орай, қаламыздағы обсерваторияға барып, ғаламшарды зерттеушілермен танысып келді.



Динара
МҰРАТ

В.Г.Фесенков атындағы Астрофизика институты (АФИ) – астрономия және астрофизика саласындағы іргелі зерттеулер бойынша Қазақстандағы жетекші ғылыми ұйым. Институтты 1941 жылы Василий Григорьевич Фесенков құрды және 1989 жылдан бастап оның есімімен аталады. Қазіргі уақытта институт Қазақстан Республикасының Аэроғарыш комитеті жанындағы Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының еншілес ұйымы. Институттың бақылау базалары еліміздің стратегиялық нысандарының тізіміне енгізілген.

Аталмыш институт екі министрлік – ҚР Білім және ғылым және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен қаржыланатындықтан екі бағытта жұмыс істейді. Обсерватория жұмысының бірінші бағыты – ғылыми зерттеулер аясы жайында толығырақ директордың ғылым жөніндегі орынбасары Рашит Валиуллин толығырақ айтып берді.

Ғылым мен білім

АФИ ғылыми қызметі астрономиялық бақылауларды, теориялық зерттеулерді және компьютерлік модельдеуді қамтиды. Астро-

номиялық бақылаулар Алматы қаласының айналасындағы тауларда орналасқан үш бақылау базаларында жүргізіледі және күн мен алып планеталардың атмосфералары үдерістерін зерттеуге, Жердің жасанды серіктері мониторингіне, кометалар физикасына, жұлдызаралық орта мен тұмандықтарға, белсенді галактикалардың спектрофотометриясына шоғырланады.

Ал теориялық зерттеулердің негізгі салаларына – жұлдыздар динамикасы мен есептеу астрофизикасы, аспан механикасы, сандық модельдеу негізінде галактикалардың белсенді ядроларын зерттеу, әлемнің космологиялық модельдерінің дамуы, ғаламдағы құрылымдардың қалыптасуы мен эволюциясын, сондай-ақ қараңғы материя мен қараңғы энергияның табиғатын зерттеу жатады.

«Каменск үстіртіндегі обсерватория ғылыми-танымдық мақсатта қолданылады. Мұнда алматылықтар үшін экскурсиялар ұйымдастырылады, оларға ғаламшарлар мен жұлдыздар көрсетіледі. Бізде планеталардың спектрометриясы – Юпитер, Сатурн, планетарлық тұман бойынша ғылыми бақылаулар сақталған. Барлық бақылаулар Тянь-Шань обсерваториясында шоғырланған, онда диаметр 1 метр болатын 2 автоматтандырылған телескоп бар», – деді Рашит Валиуллин.

Ғылыми қызметкер осыдан 20–30 жыл бұрын бақылаушыларға барлық деректерді қатты дискілерге жүктеп, содан кейін серверге



жеткізгеннен кейін ғана өңдеу процесі ұзақ уақыт алатынын айтып, қазір жаңа технологияларға қарқынды көше бастағандарын жеткізді.

Оның нәтижесі «Виртуалды обсерватория» бағдарламасы – 2023 жылы іске қосылатын мәліметтер базасы. Зерттелген барлық деректер сенімді сақталуы үшін ендігі әрі барлығы серверге енгізіледі. Кез келген байқалған дерек – ерекше және баға жетпес, мүмкін оның 10 жылдан кейін ғылым әлеміне пайдасы тигеі мүмкін. Аталмыш базаны ғалымдар, астрофизиктер немесе студенттер пайдалана алады.

«Осы бағдарлама аясында ғалымдар біздің телескоптарымызды пайдаланып, өз бақылауларын жүргізе алады. Біздің институтта компьютер кластері бар, онда компьютерлік модельдеуге мүмкіндік ашылады», – деді директордың ғылым жөніндегі орынбасары.

Жалпы ғаламдық қауіпсіздік

Екіншіден, обсерватория ғарыштық қауіптіліктің алдын алудың ортақ әлемдік жүйесіне өзіндік, қазақстандық үлесін қосуда. Себебі, ғарыш әлемінде планеталар мен жұлдыздар, астероидтар мен метеориттерден бөлек әр елдің спутниктері бар. Олардың траекториясы мен қозғалысын үнемі бақылауда ұстаудың өзі – бір бөлек жұмыс.

Қазіргі уақытта В.Г.Фесенков атындағы

Астрофизика институтында «Ситуациялық хабар» бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның көмегімен біздің ғалымдар Қазақстанның аспанын, спутниктерді толыққанды бақыламақ. Бағдарлама 2023 жылы аяқталады. Қазақстанда интернет байланысын қамтамасыз ететін және «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ (РҒБО) бақылайтын екі KazSat-1 және KazSat-2 спутниктері бар.

«Олардың басқа спутниктерге немесе ғарыш қоқыстарына соғылмауы өте маңызды. Қазақстандық жерсеріктердің жанында қытайлық метеорологиялық жерсерік жұмыс істейді, қазір ол біздікіне жақындап келеді. Сондықтан дереу спутниктің орнын ауыстыру қажет. Біздің барлық жерсеріктеріміз американдық базаны пайдаланады, сондықтан оларға өздерінің қазақстандық базасы қажет», – деп түсіндірді теориялық астрофизика бөлімінің жетекшісі Денис Юрий.

Жалпы, АФИ басқа бағдарламалар бойынша да Қазақстан аумағындағы басқа да ғылыми ұйымдармен, сондай-ақ Ресей, Германия, Қытай сынды елдердің институттарымен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бірақ біз бүгін оның негізгі екі бағытын ғана атап өттік. Шексіз ғарыш әлемін толық зерттеп шығу мүмкін емес, алайда сол бағытта жасалған әр қадамын адамзат өміріндегі маңызын ұмытпау керек.



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН

Алматы қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары Рустам Әбдірахманов Mudarabah Capital қаржы пирамидасына қатысты қозғалған іс жайында түсінік берді.



Жақында ғана осы пирамиданың салымшысы Бағила Досмайылова Нұр-Сұлтандағы Ішкі істер министрлігі ғимаратының алдында өзін-өзі өртеп жіберген болатын.

«Бағила Досмайылова Mudarabah Capital қаржы пирамидасы ісі бойынша жәбірленуші деп танылған. 10 сәуірде ол өзінің Instagram парақшасында өліміне мені кінәлі деп санауды өтініп,

пост жариялады. Өйткені, оның айтуынша, мен «істі жабуға асығып отыр екенмін». Аталған қылмыстық іс бойынша 14 адам күдікке ілінген, оның екеуіне халықаралық іздеу жарияланды», – деп атап өтті Рустам Әбдірахманов.

Полиция өкілінің айтуынша, қазір алты күдікті қамауда отыр, үшеуі кепілмен босатылған, тағы екеуі ұйқамаққа алынып, біреуі ешқайда кетпейтіні жайлы қолхат берген.

Қазіргі таңда қылмыстық процеске 14 адам тартылды, оларға Қылмыстық кодексінің 217-бабы 3-бөлімі бойынша айып тағылған.

«Таяу арада процеске қатысушылар қылмыстық іспен танысып болған соң іс сотқа жіберіледі. Келген материалдық шығынды өндіру мәселесін сот шешеді. Өз атымнан ол кісінің тезірек жазылып кетуіне тілектеспін. Өмірлік қиын жағдайға тап болған кез келген адам эмоциялық күйзеліске ұшырайтыны белгілі», – дейді Полиция департаменті бастығының орынбасары.

САЛЫҚ

БОРЫШКЕР БЕРЕШЕГІ

Мүлік және жер салығын төлемегендердің шоттары бұғатталады



Бұл туралы Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Қанат Байеділов айтты.

«Біздің жұмысымыздың маңызды бағыттарының бірі – салық берешегін өндіріп алу, яғни салықты уақытылы төлемеген салық төлеушілерге шаралар қолдану. Бұл жұмыс бүгінгі таңда автоматтандырылған, яғни берешек пайда болған кезде ақпараттық жүйе арқылы салық төлеушіге хабарлама жолданады, банктік шоттарға бұғат қойылады», – деді ол.

Спикердің сөзінше, бүгінгі күні мегаполисте салықтар бойынша берешек сомасы – 146 млрд теңге.

«Соның ішінде, берешектің қамқарты мөлшері немесе 94 млрд теңгеден астам сомасы қылмыстық істер барысында – 3 букмекерлік компанияға қатысты тағайындалған тексеру нәтижелері бойынша пайда болған қарыз.

Бұл компаниялардың лауазымды тұлғалары сот үкімі бойынша әртүрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды. Әзірге бұл сомадан 16,9 млрд теңге өндіріп алынды. Атап айтар болсам, «Alpha-bet» ЖШС-нен – 6813 млн теңге, «OLIMP KZ» ЖШС-нен – 868 млн теңге және «Onlybet» компаниясынан – 9219 млн теңге. Сот орындаушыларымен бірге жұмыстар жалғасуда», – деді Қанат Байеділов.

Сонымен қатар, ол банкроттық рәсімдер жеңілдетілгенін жеткізді. Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін анықтаудың жалғыз критерийі – борыштың активтерден асып кетуі. Өткен жылы 173 борышкер, ал ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 37 борышкер банкрот болып танылды. Олар бойынша берешектің есептен шығарылған сомасы 88,6 млрд теңгені құраған.

ЕЛ БЮДЖЕТІНДЕ ШАҒАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Шаһардан ел бюджетіне 929 млрд теңге салық түсті. Бұл жөнінде Алматы қаласы бойын-

ша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Қанат Байеділов мәлім етті.

Спикердің брифингте келтірген көрсеткішін өткен жылмен салыстырғанда, 53 %-ға немесе 322 млрд теңгеге артық екені байқалады. Мұның ішінде, республикалық бюджетке 675 млрд теңге түскен. Бұл 2021 жылға қарағанда 237 млрд теңгеге көп, яғни өсу қарқыны – 54 пайыз. Жергілікті бюджетке 254 млрд теңге түсті.

«Бүгінгі күнге қол жеткен қарқынды біз сақтауға міндеттіміз. Бұл жағдайда жыл соңында Алматы қаласының мемлекеттік бюджетіне түсімі алғаш рет 3 триллион теңгеден асатын болады, бұл – біз үшін маңызды оқиға», – деді Қанат Байеділов. Республиканың мемлекеттік бюджетіндегі Алматының үлесі зор. «Біздің қаламыздың республикалық бюджетке түсімі бойынша «донор» екені баршаға аян. Мысалы, былтыр Алматы қаласының бюджетінен республикалық бюджетке шамамен 190 млрд теңге алынды», – дейді спикер.

ЕСІРТКИ

ҒАСЫР ОБАСЫ

Жыл басынан бері қалада 266 есірткі қылмысы анықталды



Шаһарда нашақорлықпен күрес жөнінде жиын өтті. Отырысқа Алматы қаласы Полиция департаментінің өкілі Дәурен Көбеев, психолог Ғалия Назханова, «Үйге жол» ҚК төрағасы Нұржан Жақыпов, «Тең теңімен» ҚБ атқарушы директоры Людмила Полякова қатысып, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Іс-шара шеңберінде спикерлер еліміздегі және Алматы қаласындағы есірткіге, соның ішінде синтетикалық есірткіге тәуелділік, «Narkostop» жобасының іске қосылуы туралы, сондай-ақ «Есірткімен емес, спортпен шұғылдан» қалалық акциясының басталуы туралы кеңінен әңгімеледі. Жалпы, биыл қала бойынша қаңтардан сәуірге дейін 266

есірткі қылмысы анықталып отыр. ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 1,2,3-бөлігі бойынша 203 факт, 296-бап 4-бөлім бойынша 14 факт, 297-бап 1,2,3,4-бөлім бойынша 46 факт 1 нарколаборатория, 232 интернет сілтемелер (сайттар, есірткі чаттары және т.б.) анықталған. Тәркіленген есірткінің мөлшері – 117 кг 710,54 гр.

БРИФИНГ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Медеу ауданында алма ағаштарын заңсыз кесу дерегі анықталды. Алматы тұрғыны ол жерге жеке тұрғын үй салмақ болған.

«Тау бөктерінде орналасқан бір учаскеде алма бағын заңсыз кесу фактісі анықталды. Мақсат – орнына жеке тұрғын үй салу болды. Бүгінде Медеу аудандық полиция басқармасы ҚР ҚК-нің 340-бабы «Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау» бойынша қылмыстық іс қозғады», – деді брифинг барысында қалалық Жасыл экономика басқарма басшысының орынбасары Ұлан Абдулдаев.

Спикердің сөзінше, бұл жер учаскесі бұрын Алматы облысына тиесілі болған. 2014 жылдан бастап Алматы қаласының меншігінде. Бұған дейін Алматыдағы «Каменское плато» обсерва-

ториясының жанында алма ағаштары заңсыз оталып, құрылыс басталғаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде тарады. Кейін Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының қызметкерлері Медеу аудандық полиция басқармасымен, сондай-ақ мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен бірлесіп, жедел түрде оқиға орнына барды. Тексеруге барған кезде 21 алма ағашының кесілгені расталды. Тексеру актісі жасалып, 500 АЕК шығын есептеліп, тиісті шаралар қабылдау үшін Полиция департаментіне хат жолданды.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ТҮЙТКІЛ

ВАНДАЛИЗМГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ

Соңғы уақытта қабірге қойылған, түрлі-түсті металдан жасалған белгілерді ұрлап, сатып пайда табуды кәсіпке айналдырған вандалдар еліміздің әр аймағынан бой көрсетіп жүр.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Таяуда мұсылман зиратының 18 қабір қоршауын қиратқан вандалдар қолға түсті. Олар төрт мазардың қабырғасын қиратып, металл қоршауларын алып кеткен. Басқа зираттардың мәрмәр тастары мен жазуларын құртып, ұрлаған металдарын небәрі 1500 теңгеге өткізген.

Қарап тұрсаңыз, мұндай жантүршігерлік оқиғалар еліміздің барлық облыстарында дерлік орын алып отыр. Қарағанды, ОҚО, Павлодар, СҚО, Атырау, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары, т.б. өңірлердің көпшілігінде кездесуде. Сонда зиратта жатқан өлілерге де тыныштық бермей, қабірлерін қорлатып қойғанымыз қалай? Бұл қу құлқынның қамын ойлап, ақшаға азғындағандықтың белгісі ме, әлде басқалай себебі бар ма? Мұнымен күресудің жолдары қандай? Біз

бүгін осы тақырыпқа аз-кем тоқталғанды жөн көрдік.

Ол-ол ма, тіпті ұлт батырына айналған Бекзат Саттарханов пен аса көрнекті ғалым, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың да қабірін Құдайдан қорықпайтын жауыздар қиратып, айтулы тұлғалардың мыстан жасалған металдарын қолды қылып кеткен. Өкініштісі сол, қазақтың бетке тұтар қос азаматының қабіріне шабуыл жасағандар әлі күнге дейін бостандықта жүр. Алаш аяулыларының қабірлерін осыншама қорлатып қойғанымыз қазақтығымызға сын емес пе?..

Негізі, елімізде қабір қиратушы вандалдарға қатысты заң бар ма? Олар қалай жазалануы тиіс?

Ел арасында «жұрттың зәресін алған мұндай оқиғаларға исламның теріс ағымдарының да қатысы бар» деген әңгіме таралып жүр. Тіпті, Атырау қаласының №2 сотында 30 бірдей моланы қиратқан 8 адамның ісі бойынша сот процесі болып



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

өтті. Сонда әлгі жігіттер қылмыстық кодекстің 275-бабы бойынша «өлгендердің денелерін және олардың жерленген жерлерін қорлау» деген айыппен айыпталды. Тергеу барысында күдіктілер зираттағы тас қабырғаларды құлатып, өлгендердің басына қойылған тастарды қиратқандарын мойындаған.

Сотталғандардың бәрі Қазақстанда тіркелмеген діни ағымдардың біріне жатады, бұл ағым бабалар мен қасиетті орындарға тағзым етуге, табынуға қарсы. Ұсталғандардан көптеген діни кітаптар, ұнпарақтар, дәрістер мен уағыздар жазылған дискілер тәркіленген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіт КЕЛГЕНБАЕВ,
полиция полковнигі:

– Жақында Жамбыл ауданындағы зираттан 32 қабірді бұзған, одан кейін Қарасай ауданындағы жеті қабірді, тағы да Еңбекшіқазақ ауданындағы жеті қабірді бұзып, түрлі-түсті металл белгілерін ұрлап келген қылмыстық топ құрықталды. Олар өздерінің олжалаған заттарын түрлі металл қабылдайтын зауытқа өткізіп, пайда тауып келген. Олар ұрлықты алғашында түнде жасаса, кейін еркінсіп кетіп, күндіз де зиратты тонаумен айналысқан. Өздерінің айтуынша, олар ақшадан қатты қысылып кеткен көрінеді. Қазіргі таңда олардың үстінен ҚР Құқықтық кодексінің 175-бабының 3-бөлімінің «Б» тармағымен қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде. Айта кетейік, жоғарыдағы фактілердің барлығы жергілікті халықтың нақты бізге арызданып келгенінен кейін анықталып отыр. Алайда, халық зират басына күнделікті бара бермейді ғой. Сондықтан бұл фактілер әлі де еселе не түсуі әбден мүмкін.

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымының докторы, профессор:

– Қылмыстық кодексте мүсін немесе ескерткіштерді қорлағандарға екі түрлі бап бар. Мәселен, Қылмыстық кодекстің 275-бабында өлгендердің мәйітін қорлағандарға, құлпытастарды, зират сарайындағы күмбездерді бүлдіргендерге бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Оның да ауырлататын түрлері бар. Мәселен, зиратты бүлдіруді әлденеше рет қайталаса, ұйымдасқан топ болып ұрлық жасаса немесе қорласа, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділікті қоздыру мақсатында жасалса, онда бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады. Негізі, мұның барлығы адамгершілікке жатпайтын қылмыс болып табылады. Екіншісі – 258-бап. Егер үйлердің алдына, ғимараттарға сызу салса немесе үлкен тұлғаларға арналып салынған ескерткіштерді бүлдірсе, онда мұның жазалары аса ауыр емес. Себебі, бұл тағылық, яғни вандализм болып табылады. Мұндай жағдайда төрт айға немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бар. Сондай-ақ, 500 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынады.

P.S.:

Жалпы, вандализм әрекетіне қалай тосқауыл қоямыз? Қолданыстағы заңды қатайту арқылы мұны тыюға бола ма? Кейбір қоғам қайраткерлерінің айтуынша, мұны заңмен жою мүмкін емес екен. Онымен күресудің бірден-бір жолы – қоғамда психологиялық-сауықтыру мен азартушылық тұрғыда жұмыс жүргізіп, халықтың мәдениетін өсіріп, рухани байыту арқылы ғана қол жеткізе алатын көрінеміз. Қалай десек те, мемлекет тарапынан рухани-мәдени құндылықтарымызды сақтап, дәстүрлі дінімізді жан-жақты насихаттайтын уақыт жеткен секілді.

МӘСЕЛЕ

«АТА-БАБА» ЗИРАТЫ
қашан қорғалады?Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы Алатау ауданына қарасты «Өжет» ықшамауданының тұрғындары «Ата-баба» зираты қашан қорғалады? Қараңғы көшеде адасудан шаршадық» деген уәждерін айтып, Алатау ауданының әкімдігінен мәселені тез арада шешуді өтінді.

Халықтың айтуынша, зираттың маңы кешкі уақытта тас қараңғы. Сондықтан онда көше кезгендер ойына келгенін істейтін көрінеді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ал арнайы мамандар бұл зираттың аудан аумағына қарасты белгілі орын ретінде тіркелмегенін айтады. Сондықтан оны «Жабайы мола» деп атайды екен. Дегенмен, жергілікті әкімдік өкілі зиратқа қатысты мәселені өз бақылауына алатынын айтты.

«Бюджетке қатысу жобасымен бұл жерге толық қоршау салып беруге уәде береміз. Бірақ бұл да халықтың қолындағы мәселе. Тұрғындар жобаға қатысуы керек. Ал қалай қатысу керек екенін біз көрсетеміз. Бұл жер бізге тіркелмегендіктен, қорымның бар екендігін де білмедік. Айта кететін жайт, Алатау ауданында қорғауға алынып, әрлендірген, 20-дан астам қорымдар бар. Алдағы уақытта әкімдік бұл жерді де өз қарауына алып, көркейтеді», – дейді Алатау ауданы әкімінің орынбасары Әділет Токтасынов.

Дау қоршаусыз, қараусыз қалған зиратқа қатысты басталған. «Өжет» ықшамауданының тұрғындары мен жергілікті әкімдік өкілдері жүздесіп, аталмыш түйткілге байланысты бірқатар талап қойды. Олар көшедегі жарық мәселесін қатар шешу керек деген уәжін айтты.

«Бұл жерде ата-бабамыз жатыр. Қазір теп-тегіс болып кетті. Әйтпесе, төмпешік болып жатар еді ғой. Қазір үстін адамдар басып жүр. Бұл жерде 5-6 үй бар. Соған жарық жүргізсе деймін. Себебі, көшеде жарық жоқ. Ол – екінші мәселе. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегенді ұмытпау керек», – дейді қала тұрғыны Асқар Қасенов.

Тұрғын үйлердің маңында орналасқан зират Өжет ауыл болып құрылғалы бері бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл жер түнде нашақорлардың, ал күндіз ішімдікке салынғандардың сүйікті орнына айналған. Сондықтан олар бұл жерді қоршауды талап етеді.

«Өжет» ықшамауданының көшелерін жарықтандыру мәселесі биыл аяқталуы тиіс. Бірақ оған кірісу үшін әкімдік өкілі ақша бөліну керек дейді. Жалпы алатын болсақ, аудан бойынша тағы 513 көшеге жарық орнату жоспарда тұр екен.



РАМАЗАН – 2022

ОРАЗАНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ Ғұламалар не жазды?

Оразаның қадір-қасиеті, мейір-шарапаты жайлы имам-ұстаздар жақсылап БАҚ бетінде жазып та, мешіт мінберінен айтып та жатыр. Аллаға шүкір, маңызды мәліметтер жетерлік. Әсіресе, ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалай ораза ұстағаны, жанындағы серіктері сахабалардың, одан берідегі дін қайрат-

керлері мен ғалымдардың ораза жайлы айтқан сара сөздері де бүгінге жетті. Біз ол тақырыпты қайталамай, қолға қалам алып, ораза жайлы құнды жазбалар қалдырған қазақтың алғашқы ағартушыларының еңбектерін саралап, сара сөздеріне тоқталмақпыз. Сонымен, олар ораза жайлы не жазды?

Құнанбай бар ниетін құлшылық етуге арнады



оралады. Абайтануға айтарлықтай үлес қосқан Әрхам Кәкітайұлы естелігінде Құнанбайдың оразасы жайлы келтіреді.

Әрхам – Абай мұраларын тұңғыш

Алдымен «Қазақ тұлғалары ішінде Рамазанда ораза ұстап, намазына мұқият қараған адам бар ма?» деген сауалға жауап издесек. Бұл жерде Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы ойға

бастырушы, ақынның інісі Ысқақтың немересі. Атасы Ысқақ болыстыққа сайланғаннан кейін Құнанбай билік ісіне араласпай, бар ниетін құлшылық етуге арнады.

«Құнанбай енді ел сөзіне кіріспей, дін жолына біржола беріліп, күндіз-түні ораза тұтып, намаз оқып, Ғабитхан молданы уақыт-уақыт шақырып алып, шарияттың бес парызын, уәжібін, сүннетін сұрап алып үйреніп, оңаша үйде тағат, ғибадат ететін болды», – дейді дінтанушы Әрхам Кәкітайұлы. Сөйтіп, жетпістен асқанда қасиетті Қағбатуллаға қажылық жасаған.

Сәбит Мұқанов та Құнанбайдың дін исламды дамытуға үлес қосқаны жайлы

айтады. «Құнанбай діншіл адам болған. Ол сол кезге дейін көшпелі қазақ ауылдарының арасына біртіндеп тарап келген мұсылман дінінің ықпалын күшейтуге тырысқан, намаз оқитын, ораза тұтқызу, дәулетті адамдарға зекет төлету сияқты дін шарттарын өзіне бағыныштыларға күштеп таратпақ болған. Осы мақсатпен Орта Азияның діндар қожаларын, татар молдаларын қарамағындағы ауылдарға таратып, олардың балаларын міндетті түрде мұсылманиа оқыттырады. Сондай қожалар-молдаларды өз ауылында да ұстап, өз балаларын, олардың ішінде Абайды Ғабитхан есімді татар молдасына сабаққа берген», – дейді жазушы.

Абай шын мағынасында мұсылман еді



сына әкеліп, оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза молдаға тапсырған. Екеуі де мешітке имамдық қылады. Және сол мешіттердің жанында медресе болған. Оқушы шәкірттің көбі сол медреседе жатып оқиды» деп жазады. Абайдың Ахмет Риза медресесінен алған діни білімі оның осы бағыттағы ізденісін қамшылай түскен еді. Кәкітай Ысқақұлы естелігінде Құнанбайдың ұлы Абайдың да Рамазан айында құлшылығын арттырып, ораза ұстағаны жайлы жазады.

«...Рамазан айында ораза ұстап, намазды сонда үзбей оқушы еді. Ол оқыған кезінде, өзгелерді «асығыс отырып, сендер көңілді алаң қыласыңдар» деп, өзі жеке асықпай оқып отырып алушы еді» дейді. Кәкітайдың жазуынша, Абай «Құдайға шын көңілмен ғибадат қылған кісі құпия қылады деп» сыртымен тақуасынған адамдарды аса жақтырмағанын атап өтеді. Бұл пікірді Көкбай Жанатайұлы да қуаттаған. Көкбай естелігінде: «Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ мұсылманшылығы молда-қожа айтып жүрген сырты соғы мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен, өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын», – деп жазады.

Абайдың, одан бертіндегі қазақ ақындарының (Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, т.б.) өлеңдерінде дін жайлы жағымсыз жолдар жоқ емес. Бұл олардың дін исламды мойындамағаны немесе күпірлікке салынғанынан емес, сол замандағы сәлде таққанын бәлсініп, құлшылығына рия қосып, жалаңаш жұрттың хақын жеп, дінді жеккөрінішті көрсеткен дүмше молдалардың ісіне

күйінгенінен еді.

Абай өзінің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде:

*Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.*

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті,

Қылғанменен татымды бермес жеміс, – дейді. Ақынның бастапқы үшін деп отырғаны Алланы, адамзатты және әділетті сүю болатын. Міне, осы үш «Имани гүл» кеудесінде бұр жарған адамның ғана соңғы төртеу – ораза, намаз, зекет, қажылығы қабыл болатынын алға тартады. Абай құлшылыққа рия араластырмауға шақырады. Мағжан Жұмабаевтың «Риялы ораза, намазбен, Өзіңді өзің алдама!» деп жазатыны да содан. Абай Құнанбайұлы – дінді ғылым арқылы түсінуді құптаған адам. Мұны ақын өзінің «Оныншы қара сөзінде» «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» деп нақтылай түседі.

Әлиханнның ұстанымы – ұлт пайдасы



Ораза, әсіресе, оразадағы садақа туралы пікір білдіргендердің бірі – Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы. Әлихан да Абай секілді дінді ғылыммен түсіндіруге тырысты. Зайырлы көзқарас ұстанды.

Ғалихан деген атпен

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы санында шыққан мақаласында «Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді» деп зайырлы қоғам құруға ұмтылды. Қазіргі мемлекетіміз ұстанып отырған саясат та осы – зайырлылық.

Әлихан тақуа болған жоқ, бірақ дінсіз де емес еді. Ол Абай секілді дін дінді теріс ұғушы надандармен, дүмшелермен күресті. Алайда, дінмен күрескен жоқ. Керісінше, дін мәселесін елдік мәселенің ішінде қарады. Алашорда бағдарламасының өзінде «дін жаюға ерік» деп көрсетілген, халыққа діни еркіндік берілген. Өкінішке қарай, бүгінде кейбір әсіредіншілдер Әлиханды діндар етіп, ал кейбір алаштанушылар керісінше, Әлиханды дінсіз етіп көрсетуге тырысып жүр. Өйткені, Алаш көсемінің дінді сынға алған тұстарын көбірек басшылыққа алып, сол сөздеріне ғана басымдық беретіні байқалады.

Алайда, ол Тұрсын Жұртбай айтқандай, Ташкентте қадимилар мен жадидтердің арасындағы құрылтайдағы пікір таласына орай: тек мұсылман заңымен мемлекет құрамыз дегендерге қарсы айтылған сөз болатын. Әлихан Бөкейхан 1916 жылы «Қазақ» газетіне шыққан, өзі айтқандай, Жиенғали мырзаның өтінішіне жауап ретінде жазылған «Рамазан айы жақындағанда...» мақаласында ораза айында берілетін пітір садақаны дұрыс бағытқа жұмсау мәселесін көтеріп, Құран Кәрімде баян етілген садақа орындарын рет-ретімен көрсетіп шығады.

«Құрандағы айтылған «пақыр» деген сөздің мағынасы бір кісінің, болмаса көптің мұқтаждығын шығару деген сөз. Бұған ұлт мұқтаждығы да кіреді. Мұны шығарамын деген ұлтқа не керек? Сол керегін жетілдіру үшін Алла Тағала «садақаларыңды мұқтаж болған адамдарға беріңдер» деп көптің қамын ойға салып айтқан» дей келе, садақаны ұлт мұқтаждығы үшін жұмсауға, мұқтаж халдегі жолаушыларға, оқу жолындағы барша шәкірттерге, т.б. ғаріп-міскіндерге беруге болатынын айтады.

«Алла Тағала Құран Кәрімде пайдалы орынға өздерінің сүйген нәрселерінен малыңды шығармай тұрып ізгілік, жақсылық деген нәрсеге жетісе алмайсыңдар деп бүтін адам баласын шын көңілмен ұлт ісіне қызмет етуге қызықтырады. Егер ұлт ісінің керегі болмаса, ол ұлт ісіне мұндай уәжіп һәм зекет сияқты садақаларды ең сүйген малыңнан беріңдер деп қызықтырмас еді. Мұнан көрініп тұр: сүйген малыңнан садақа шығару бір кісіге ғана емес, бүтін ұлт ісі екендігі. Әр нешік мұндай парыз, уәжіп-садақалар бір кісінің пайдасына ғана емес, бүтін ұлт пайдасына беріледі. Ол ұлт пайдасы мектеп, медресе сияқты жұрттар салып, бала оқыту секілді істерде табылады» деп түйіндейді Әлихан Бөкейхан. Алашордашылар дін мәселесін елдік мәселенің ішінде қарады дегеніміздің дәлелі осы.

Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты»



айында ораза тұтпақ парыз. Ораза кісі күндіз еш нәрсені ішіп-жемейді, күндіз ұрғашыға жатпайды, темекі тартпайды, насыбай атпайды, сағыз да шайнамайды» деп бастай келіп, оразаны Рамазан айын көріп барып ұстаудың дұрыс болатынын баяндайды. Одан ары ораза ұстау

ережелеріне қатысты мол мәлімет береді.

«Оразада әдейі ашып жіберген кісі бір күнге алпыс күн кінәрат, яғни тұтас екі ай ораза ұстайды. Халсіз ауру, халі келмейтұғын шал-кемпір, жолаушы үш күндік жолға шыққанда ұстамаса болады. Бірақ жолаушы тым қиыншылық болмаса, ұстаған жақсы және жолаушы үйге келген соң, ауру кісі жазылған соң қазасын ұстайды. Шал менен кемпір әр күн үшін пітір садақасындай бидай береді пақырға және буаз қатынның баласына, яки емшекте болса, бар қатынның баласына өзі ораза болғаннан зиян келетұғын болса, бұлар ашық болады да, артынан қазасын ұстайды» дей келе, әйелдердің қандай жағдайда ораза ұстай алатынын анықтап түсіндіреді. Сөз соңында ораза тек тамақтан ғана емес, ауызға да тыйым салу

керек деген түйін жасайды. Сөз соңын «Қалай болса солай күнәдан тыйылмай, аузына не келсе соны сөйлеп жүргендей ораза сауапты болмайды. Бәлкім, қабыл да болмас деген қауіп бар», – дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы.

ТҮЙІН:

Біз жоғарыда қазақ ағартушыларының оразаға қатысты ой-орамдарын мысалға келтірдік. «Олар ораза жайлы не жазды?» деген сауал төңірегінде жауап іздедік. «Ораза, намаз, зекет, қажы – ол нұр иман! Бұл айда рахмет нұрға дүние толған». Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Рамазан айы жайында осылай толғаған еді.

Бетті дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ТАҒЫМ

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ

Қазақ жұрты қай уақытта да елі мен жерін сүйген арда ұлдарға кенде болмаған. Ел басына күн туғанда, қасық қаны қалғанша жан аямай күрескен батырлары болған. Жаудың бетін қайырып, іргені көз алартушылардан қорыған. Сонымен қатар, ақын-жыршы, бәтуалы сөзін жұртқа арнап, дау-жанжалды бір ауыз сөзбен тоқтатқан абыз даналарымыз да болған. Сондай данагөй, туған өлкесіне жанашыр жандар өз халқының жадында мәңгі сақталып отырған. Сондай ардақты тұлғаның бірі де бірегейі – Жақсылық Үшкемпіров ағамыз еді. Даңқты ұлтжанды азамат жайында біршама талдаулы ойлар жасаған едік.

Тарихты тереңнен шертсек

Көшпенділердің байтақ дала – тұнып тұрған тарих. Шетін тартсаң, шежірелер қойнауы ағытылып шығады. Қаншама жорықтар мен нәубетті кездерді бастан өткерді? Тағдырдың бұралаң жолдары, соқпағы мен батпағы талай азап шектірді.

Десе де, халқымыздың жауынгерлік мінезі мен өр рухы болашаққа жетеледі. Сынбады, рухын жасыта алмады. Өзгелер қанша тырысқанымен, жойылмады. Қайта әділдік, ел болу жолында ешкімге дес бермеді. Әрдайым аттың үстінде, әруақытта түзде жүрген бабаларымыз ел ертеңі үшін аянбады. Әлемді шарлап, ілім мен білім іздеді. Ат тұяғы жеткен жердің бәрін кезді. Қадам жетпеген жерге жиған терген, ғұмырдан үйренген мол байлық тәжірибесі жетті. Ұлы дала талай ұрпаққа пана болды. Жолдан адасқандарға бағдар көрсетті. Түбінде ғылым іздегендер іздегенін тапты.

Мәселен, дүниенің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-

Фараби бар ғұмырын ізденімпаздыққа, кітаби ілімге арнаған жан. Түбі – Оңтүстік Қазақстандағы Отырардан. Арысы – араб түбегі. Берісі – Бағдат пен Шам, Исфахан шаһарлар, қала берді күллі ғаламға атағы танымал болды. Бүгінгілер оны 70 түрлі ілімнің басында тұр деп жорамалдауда. Одан кейінгі Әбу Әли Ибн Сина дейтін даланың шипагері дүниеден өтіпті. Қарашаны емдеп қана қоймай, том-том трактат жазған екен. Өмірін медицинаға арнап һәм шипагерлік саланың атасы өз заманының білімдары болыпты. Оның да туған мекені Арал теңізінің маңы. Қарапайым қарақұмда туып, ол да айдай әлемге аты шыққан емші болды. Бір жағынан ұстаз деген атты иеленіпті.

Сопылықтың сара жолын қалыптастырған Ахмет Яссауи дейтін ғұлама ғұмыр кешіпті. Мұсылманшылықты көне түркілік сарында түсіндіріпті. Соның нәтижесінде қарапайым бұқара арасында, түсінушілік пен толеранттылық орнапты.

Орта ғасырда қазақ даласында шайырлар мен ақындар, жыраулармен жыршылар көптеп өмір кешіпті.

Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, қазақ хандығы тұсында, Асан қайғы, Бұқар жыраулар алдыңғы данышпандардың ізін жалғапты. Батыр бабалардан айтар болсақ, Қабанбай мен Бөгенбайды айналып өте алмаймыз. Тіпті, Ерасыл батыр 70 жасында атқа қонып, жауға шапқан көрінеді. Бәлкім, содан болар «батырды намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дегені. Отарлау мен басқыншылық кезінде, Кенесары хан барша жұртты соңына ертіп, бас-аяғы он жыл ел мен жер шетін өзгеге тапталпады. Кенестер тұсында, Екінші дүниежүзілік соғыста фашистерден қорғаған Бауыржан ағамыздың ерлігі шексіз. Александр Бектің «Волоколам тас жолы» атты әскери-тарихи шығармасында Мәскеуді қорғаған ерлігі айтылған. Жалпы, өздеріңіз көріп-біліп отырғандай, ұлтымызда арда ұлдар аз болмаған.



Жас жалын

Даңқты қолбасшы, елінің қарманы, шешен Сырым Датұлы ағамыздың бір накыл сөзі ойға оралуда. Ол «Азамат жетім болмайды – халықтан болса панасы, халық жетім болмайды – басшы болса данасы» депті. Не деген ғажайып әрі орынды тауып ай-

тылған дана сөз! Нақ осыны қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық аға Үшкемпіровке арнап айтқандай көрінеді. Жақсылық пен жасампаздық жолында жан аямай қызмет істеген, оның ерлігі ұшан-теңіз.

Аға буынның сөзіне қарағанда, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы тұсында әлем біріншілігіне, Азия чемпионатына шығу арман болған көрінеді. Ол үшін әуелі одаққа танылып, өзінді дәлелдеу қажет. Одан жарып шығу қиямет-қайым екен. Не сізді жібермейді немесе аяқтан шалады. Әйтеуір бір амалын табады. Бюрократия күшті, цензураның құрсауы қатты, лақтырар құрықтары ұзын. Қайда барсаң да, өзінді таныту керек болады. Танытқан күннің өзінде мойындап, жол ашуы екі талай.

Міне, осыншама бұралаң соқпақтан өтіп барып, Олимпиадаға жолдама алады. Ал бұл жолдардан жас өрен Жақсылық өтті. Қарапайым ауыл баласы 29 жасында, 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының жүлдесін жеңіп алды. Былайша айтқанда, өз табан ет, маңдай терімен, ауыспалы мағынада айтқанда, бермегенін жұлып ала білді. Ешкім ойламаған, ешкім күтпеген жерден айды аспанға шығару оңайға түспеді. Әлемнің алдында қазақтың кім екендігін мойындатты. Ата-баба аманатын ардақтап, ел үмітін жақты.



Атымтай жомарт

Өзі 90-жылдары біраз науқасқа шалдығып, жүрегі сыр бергенін айтқан болатын. Сол шақтарда жақындарының айтуымен қымыз ішіп, оналыпты. Нақ сол шақтардан бастап ата-бабамыздың жолының дұрыстығын түсінеді. Ол ата кәсіп – мал шаруашылығы еді. Бұрынғылар «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» депті. Есте жоқ ескі замандарда айтылса да, өзектілігі бүгінге дейін жетуде.

Сөйтіп, көп өтпей қой мен жылқы, сиыр сынды түліктерді өсіруге кіріседі. Жасап жатқан кәсібін кеңейте түседі. Күндіз-түні еңбектің арқасында атақты кәсіпкерге айналады. Міне, байқап, бағамдаған шығарсыздар, ол барлығын өзі үшін жимады. Дәл солай істесе, шетке кетіп қалуына болушы еді.

Дегенмен, олай жасамады. Артынан ерген қарапайым қара-көздерімізді қолдады. Жер-жерден спорт кешендерінің ашылуына мұрындық болды. Кішкене балақандарды спортқа баулыды. Олимпиада жүлдегері шығуын қатты қалады. Жастарға арнап 80 пәтер берді. Оның сыртында балабақша, айтып-айтпай істеген істері өз алдына тау төбе.

Былайша айтқанда, құр сөзден

гөрі, іске көп мән берді. Ұсақ-түйекке назар аудармай, ірі істерге атсалысты. Қазақтың шынашақтай ұлы соңғы күніне дейін жас ұрпақты қолдады. Іс пен сөздің жақындығын, бір екендігін дәлелдеді. Ол – нағыз қазақтың эталоны. Үндемей-түндемей жүре беруіне болар еді. «Ер жігіт қырыққа дейін абыройға қызмет етеді, қырықтан кейін абырой оған қызмет қылады» дейді халқымыз.

Жақсылық ағамыз абырой мен атақты жиып қойып, ұлтқа қызмет жасады. Оның көрінісін Алматы іргесіндегі Мынбай ауылынан көреміз. Жайнаған жасампаз, бау-бақшасы жайқалған, мәуелі бәйтеректей өсіп-өркендеп келеді. Бұл дегеніміз – нағыз қазаққа тән тірлік. Ол өз елінің патриоты болатын. Ауылды көтеруді ойлады. Тек ойлап қана қоймады. Оны өзі жүзеге асырды. Осылайша ілкімді істердің басы мен қасында өзі болды. Өзі мәңгі сапарға аттанса да, артында ұлы істері сайрап жатыр. Қазақ «жақсының аты өлмейді» деп жай айтпағанына осы мысалдар арқылы куә болудамыз. Дүниені жеке басына жимады. Халқының тәуір тұрмыс кешуі жолында, табан ет, маңдай терін төкті. Бір сөзбен айтқанда, «Атымтай жомарт» атанды.

Жақсының есімі мәңгі ел жадында қалады

Осыдан тура 8 жыл бұрын өзі өмір сүрген Мынбай аулында спорт кешені ашылған болатын. Өткен жылы ғана Жамбыл облысында «Тараз-Арена» спорт кешеніне Жақсылық Үшкемпіровтің есімі берілді. Қазақстанның еңбек ерінің өзі де осы өңірдің тумасы. Дәлірек, Тегістік ауылында дүниеге келген.

Жақында балуанның өмір мен спорттық мансабына дейін жүріп өткен тағдырын баяндайтын

көркем фильм жарық көрді. Онда тұлғалық деңгейге дейінгі кезеңдері қалыптасқан. Бозбала шағынан спортқа жақындағы баяндалған.

Анасы мен екеуі өмірдің талайлы қиыншылық жолдарын жүріп өткендігі бейнеленген. «Жасымда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деп қазақ халқы текке тәмсілдемеген. Оған келтірілген, тарихи тұлғаның ғұмырбаяны арқылы куә болудамыз.

ТҮЙІН:

Көшпенділер «ер жігіт сегіз қырлы болсын» деп мақал-мәтел қалдырыпты. Жоғарыдағы ойларды топтай келгенде осыған саяды. Елін сүйген, елі сүйген дарабоз ер, қазақтың қайсар ұлы Жақсылық ағамыз біздің мәңгі есімізде қала береді. Қазақ елінің бағына айбынды ұлдар туа берсін демекпіз.

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Алматыға ерекше сән беретін айшықты құрылыстардың бірі де бірегейі – Оқушылар сарайының ғимараты. Алатау етегіндегі Медеуді бетке алған қала қонақтары мен тұрғындары Достық даңғылы бойында орналасқан осынау сырлы күмбездей сырға толы кешенге міндетті түрде көз тоқтатып өтеді. Бұл ғимарат кезінде Димаш Ахметұлы Қонаевтың арнайы тапсырысымен балаларға мектептен тыс білім беру үшін жеке жоба бойынша салынған еді.

Ол кезде мұндай құрылысты қолға алу да, оны салу да оңайға түспейтін. Осылайша ғимараттың іші де, сырты да ұзақ талқылау мен талдаудан өтеді. Өйткені, мұндай кешеннің баланың талғамына, өй-өрісіне, қиялына сай етіп салынуы құрылыс талаптарының бірі болатын. Сондықтан аталмыш Сарай өзінің мәнерлілігі мен конструктивті жағынан бірегей сәулет құрылысына айналды. Қаланың келбетіне көрік қосқан әдемі де айшықты құрылыс сәтімен аяқталып, 1983 жылы 30 қыркүйек күні ашылады. Сол ашылған сәтінен бастап, 1983–1991 жылдары – республикалық Пионерлер мен оқушылар сарайы, ал 1992–2004 жылдары – «Республикалық Оқушылар сарайы» РМҚК атанады.

Сыртқы сұлулығы мен ішкі салтанаты жарасым тапқан Республикалық іс-шаралар, жиындар мен жарыстар алаңына айналған бұл ғимаратты өз көзімен көру әрбір баланың арманына айналған еді. Араға жылдар салып, атақты сарайдың маңызы ғана емес, міндеті де арта түседі. Ендігі жерде, яғни 2004 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК болып қайта өзгереді 2009 жылы Алматы қаласы әкімінің қаулысымен қала балаларының игілігіне беріледі. Сол күннен күні бүгінге дейін қаламыздың кішкентай тұрғындарына қалтқысыз қызмет

СЫРЛЫ КҮМБЕЗДЕЙ СЫРҒА ТОЛЫ КЕШЕН

ең әдемі сәулет туындысы ретінде Алматыға ерекше сән беріп тұр



етіп, балалардың бас қосатын орнына айналды.

Оқушылар сарайының ғимараты 1984 жылдан бастап республикалық маңызы бар орындардың арнайы тізіміне енген. Тарихи маңызы бар сәулет ескерткіштің авторлары В.Н.Ким, А.П.Зуев және Т.С.Әбілдаев сияқты сәулетшілер. Бұл күні Оқушылар сарайы бірегей ғимарат қана емес, қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған. Мұнда мерекелік іс-шаралар жиі өтіп тұрады. Аталмыш кешен сәулеті жағынан республикамыздың мақтанышы болып табылады.

Қазіргі таңда бірегей әрі еңселі ғимараттар қатарына жататын бұл құрылыс ең әдемі сәулет туындысы ретінде Алматыға ерекше сән беріп тұр.

Оқушылар сарайының ішін аралаған сайын оның құрылысының ерекшелігіне тәнті боласыз. Оның ғимараты 12 павильоннан тұрады. Ғимараттың пайдалану алаңы 35 мың шаршы метрден асады. Сарайдың тағы бір ерекшелігі – бір нүктеге шоғырланған бірнеше спиральдардан тұратын пішіні. Композицияның негізгі орталығы – салтанат залын жауып тұрған алып күмбез болып саналады.

Өткен тарихқа көз салсаңыз, 1936 жылы Алматыда Пионерлер үйін салу туралы бастама көтеріледі. Әр жылдарда түрлі белестерден өткен оқушыларға арналған пионерлер үйінің құрылысы, ақыры, 1983 жылы республикалық Пионерлер сарайының жаңа ғимаратының салынуына ұйытқы болады. Сол тарихтың жәдігері іспетті Оқушылар сарайы кешені бұл күні Достық даңғылының шығыс жағында ор-

наласқан осынау мекеме.

Оқушылар сарайының іргесінде Қазақстанның қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевқа арнап орнатылған ескерткіш бар (мүсіншілер – Т.Досмағамбетов, О.Прокофьева, сәулетшілер – Ш.Уәлиханов, А.Қайнарбаев). Бұл ескерткіш жастарға айрықша рух беріп тұрғандай.

Қазіргі таңда қаламыздағы Оқушылар сарайына бір мезетте екі мыңнан астам оқушының баруына толық мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, сарайдың 790 көрермен сиятын концерт залы бар. Балалардың талғамына, жасына қарай үйірмелер бөлімі, хореографиялық, спорт залдар мен жүзу бассейні бар. Оқушылар сарайының тағы бір ерекшелігі – кезінде осы кешенді салу үшін тек қазақстандық құрылыс материалдары ғана пайдаланылғанын да айтып өткен орынды. Мәселен, Қордай және Балқаш граниттері, Маңғыстаудан жеткізілген ұлтас, ағаш, металл, т.б. өз елімізде өндірілген құрылыс материалдары пайдаланылды.

– Бүгінгі таңда Оқушылар сарайы балаларға қосымша білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асырып отырған бірден-бір мекеме. Оқушылар сарайы өзінің білім беру қызметінде жеке тұлғаның шығармашылық және зияткерлік әлеуетін ашып, қоғамдық маңызды нәтижеге қол жеткізуге ынталандырып отырады, – дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.

Дені сау ұрпақ тәрбиелеп, ұлттың болашағының жарқын болуы үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруды да мекеме қызметкерлері өздерінің басты міндеті деп санайды. Жаңарып, жасарып, үнемі өзгеріп тұратын қоғамда жас ұрпақ үшін айқын бағыт-бағдар мен сәттілікке толы жағдайлар жасау арқылы өмір сүру жолында маңызды қадамдар дәл осы босағадан бастау алады. Сондықтан жылдың төрт мезгілі сияқты өз бағытынан таймай келе жатқан тау етегіндегі Оқушылар сарайы бақытты балалық шақтың мөлдір бұлағының қайнар көзі іспетті.

СЕМИНАР

Еліміздің барлық өңірлерінен келген ұстаздар Алматыдағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда «Басқару менеджменті: Педагогикалық әдеп қағидаларын ұстана отырып жұмыс жүргізудің нәтижелілігі» атты семинарда бас қосты.

Қонақтарды мектеп оқушыларының халық аспаптар оркестрі қарсы алды. Олар одан әрі мектептің үш қабатындағы стендтермен, оқу кабинеттерімен танысып шықты. Пленарлық отырыста гимназия басшысы Сәния Өскенбайқызы мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сафура Сәлімбақызы «Басқару менеджменті: Педагогикалық әдеп қағидаларын ұстана отырып жұмыс жүргізудің нәтижелілігі» тақырыбында ой өрбітті.

Осыдан соң іс-шара «Тәжірибе алаңында» жалғасып, мектеп ұстаздары «Үздік пән мұғалімі», «Үздік сынып жетекшісі», «Үздік әдістемелік бірлестік», «Үздік жас

ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ «Ұстаз–оқушы–ата-ана» үштігінің бірлескен жұмысының нәтижесі



маман», «Үздік тәлімгер», «Үздік кабинет», «Үздік ата-аналар жиналысы» бөлімдері бойынша іс-тәжірибелерін ортаға салды.

«Алматы жыл мұғалімі – 2020» қалалық байқауының бас жеңімпазы, тарих пәнінің мұғалімі Сағынғалиев Дәурен «Үздік пән мұғалімі» бөлімі бойынша үздік болу – терең білім мен мол тәжірибенің жемісі екендігін тілге тиек ете келе, осы уақыт аралығындағы өз жетістіктерімен бөлісіп, жетістікке жету жолындағы ұстанымдарын ортаға салды.

Семинарда мұғалімнің сыныпты басқаруы үлкен өнер екені де сөз болды. Бұл ретте мектеп басшысының «сыныптың сынып болуы – сынып жетекшісіне байланысты» деген сөзі көпшілікке үлкен ой салды. Дәл осындай отыз үш шәкірті бар Сәуле Амангелдіқызы мектептің «Үздік сынып жетекшісі». «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем бер» деген ұстаныммен жүретін ұстаздың сыныбындағы отыз үш шәкірті де – өнерлі, дарынды, талантты. Халықаралық ән-би,

спорт, Мұқағали, Абай, Шәкәрім оқуларының жеңімпаздарының барлығы да – осы сыныпта. Бұл – «ұстаз–оқушы–ата-ана» үштігінің бірлескен жұмысының нәтижесі екені анық.

Барлық мектепте әдістемелік бірлестік жұмыс жасайтыны белгілі. Әрбір бірлестік – толық ұжымның кішкентай ғана бөлшегі. Мектеп ұстаздары – Кәмшат Мәлікқызы «Үздік әдістемелік бірлестік», Гүлбану Берікқызы «Үздік жас маман», Құралай Әбдікерімқызы «Үздік тәлімгер».

Иманбаева Гүлім мен Әлімбек Шапағат «Үздік кабинет» бөлімі бойынша өз шеберліктерін көрсетті.

«Ұстаз–оқушы–ата-ана» үштігі жолға қойылған мектептегі «Үздік ата-аналар жиналысын» Ләззат Тұрысбекқызы 86 сыныптың сынып жетекшілерінің откізіп жүрген тәрбие жұмыстары мен ата-аналар жиналысынан флеш-моб жасады.

«Үздіктер керуенін» жалғастырып «Жаңаша кері байланыс жасау әдістерімен» директордың оқу-тәрбие ісінің меңгерушілері Бақтияр Үсенұлы, Сафура Сәлімбақызы, Жанар Қасиетқызы таныстырды. Әркімнің қолындағы байланыс телефонындағы QR-код арқылы жасалынған кері байланыс ұжымға да, қонақтарға да көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қонақтар атынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымының докторы Алтынай Тымболова, республикалық «Өрлеу» орталығынан Гүлнар Абдоллақызы сөз алып, пікірлерін ортаға салды. Семинар соңы №140 гимназияның ұстаздары мен шәкірттері әзірлеген «Қазағым сағынды, рас, Мұзбалағын» концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

**Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.**

ДҮЙСЕНБІ
18 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00 Алматы кеші
07.00 Әсем әуен
08.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
11.40 Үздік әзілдер
12.30 Телехикая. «Махаббат, қызық мол жылдар»
5 серия
18.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Сақалар»
20.30 Анимация. Отандық / «Еркетай»
20.45 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы

21.00 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
21.10 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 «Жасөспірім Марко Полонның хикаялары» Мультхикая.
22.50 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
23.20 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.45 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Проза параграфы
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Ем болсын
16.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.10 Тамашаліке
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim Speakers
18.30 «Сағыныш – Әке» – көркем фильм
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Шабдалы – көркем фильм
23.45 «Summary 100 кітап»



АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Шыңғыс хан» телехикаясы
16.45 «Баксы» х/ф
18.30 «Шаншар»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «Бизнес по-казахски в Америке» х/ф
01.20 «Баксы» х/ф
02.40 «Ұлым» түрік телехикаясы
03.25 «Астана кеші көңілді»
04.20 «Үздік әзілдер»

ЖЕКСЕНБІ
24 СӘУІР

Almaty™ АЛМАТЫ

06.00 Әсем әуен
07.00 Концерт
08.30 Детский кино клуб
09.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
13.40 Час юмор
15.00 Женский кино клуб.
«Женский доктор-2»
19.00 Ораза уағыз
19.10 Концерт
20.45 Телехикая.
«Гюмюш»
68 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы – тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Күміс көмей».
Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
7.25 «Talrup».
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Көңіл толқыны»
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы».
Балалар
13.50 Дисней ұсынады.
«АҚШАҚАР МЕН ЖЕТІ ЕРГЕЖЕЙІЛ».
Мультфильм (АҚШ, 1937 ж.)
15.10 Төреғали Төреәлінің концерті
16.50 «КҮЙ-КЕРУЕН»
17.25 «Әйел әлемі»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА».
Сараптамалық бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
21.15 «Ән мен әнші»
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Ән мен әнші»
(жалғасы)
0.30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.20 «Күміс көмей».
Ұлттық-музыкалық танымдық бағдарлама
2.10 «Aqsaуyt»
2.30 «Жәдігер»
2.50 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино. «Бизнес по-казахски в Африке»
7.00 Телехикая марафоны.
«Көршілер»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
10.30 «Ғасыр ғұламасы».
Халел Досмұхамедов
11.30 Телехикая марафоны.
«Алпыстан асып барамын»
14.00 Тұсаукесер! «Маска»
2 маусым

16.00 Кино. «Бизнес по-казахски в Корее»
18.00 Мегахит. «Линия родства»
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Концерт
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
07.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
09.55 Информационный фильм «Академия монстров»
(повтор)
11.40 КИНО.
Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Америке»
(повтор)
13.50 КИНО.
Джеки Чан в боевике «Авангард. Арктические волки»
(повтор)
16.00 КИНО.
Джерард Батлер в боевике «Гренландия»
(повтор)
18.35 КИНО. Клайв Оуэн в боевике «Интернэшнл»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО.
Джет Ли в боевике «Дэнни-цепной пёс»
(повтор)
01.00 Тамаша live
(қайталау)
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.40 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 Фильм «РЕКА ПАМЯТИ»
10.40 Наталья Высочанская, Александр Яцко в фильме «У ПРИЧАЛА»
14.10 «ЛЮБОВЬ МАТЕРИ»
Многосерийный фильм
17.30 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
18.30 ШОУ МАКСИМА ГАЛКИНА
«ЛУЧШЕ ВСЕХ»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Александра Сизоненко, Влад Никитюк, Сергей Дзялик многосерийном фильме «РАЗВЕ МОЖНО МЕЧТАТЬ О БОЛЬШЕМ»
0.30 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
2.30 «П@УТИНА»
бағдарламасы

3.15 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 5.00



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 Шоу «Маска»
11.40 Т/с «Никонов и Ко»
14.30 Скетчком «Q-елі»
16.10 Т/х «Қадам»
19.00 Т/х «Тойхана-2»
21.00 Х/с «Алмазная корона»
00.40 Х/ф «Рэд»
02.30 Jaidarman
04.00 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.50 «ӘН МЕН ӘНШІ»
10.00 «ЮМОРИНА»
12.20 «МОЯ ЧУЖАЯ ЖИЗНЬ», мелодрама
(повтор)
16.00 «МАХАББАТ АЗАБЫ», көркем фильм
17.50 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», Құдайберген Бекіштің ән-шашуы
20.00 «АҚ МАМА», реалити-шоу.
Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «МОЯ ЧУЖАЯ», мелодрама.
Казахстанское кино!
В главной роли Гульнара Дусматова
23.30 «ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив
(повтор)
01.50 «МАХАББАТ АЗАБЫ», көркем фильм
(қайталау)
03.20–
04.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 «ЖҰЛДЫЗБЕН ЖАТТЫҒУ».
Жарқын Тұрсынов, Игілік Сәрсенғали
7.15 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты.
«Шахтер» – «Ақжайық»
9.15 «СЕРГЕКТІК СЫРЫ».
20-бағдарлама
9.25 «Сыр еліндегі балуандар бәсекесі».
Арнайы репортаж
9.45 ФУТБОЛ.
УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
10.35 Арнайы репортаж
10.55 ВОЛЕЙБОЛ.
Клубный Чемпионат Азии. Прямой эфир
12.55 ФУТЗАЛ.
Қазақстан Чемпионаты. «Нұр-Сұлтан» – «Аят».
Тікелей эфир

13.55 ВОЛЕЙБОЛ. Клубный Чемпионат Азии.
Прямой эфир
16.00 Еркін күрестен Азия чемпионаты.
Тікелей эфир
19.10 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ
19.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
20.15 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы.
«Атлетико» (Испания) – «Манчестер Сити» (Англия)
22.15 ММА «ОCTAGON 27»
1.30 Арнайы репортаж
1.50 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Түрлі текшелер»
Мультхикая.
7.15 «Смайтиктер»
Мультхикая.
7.45 «Клео мен Кукин»
Мультхикая.
8.10 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
8.50 Анимация. Отандық / «Сақалар»
9.15 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
9.45 «Хайди»
Мультхикая.
10.35 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайысы
11.00 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
11.30 «Питер Пэн»
Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл»
Мультхикая.
12.45 «Мисс Кәусар»
танымдық жобасы
13.00 Тұсаукесер!
Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
13.15 Анимация. Отандық / «Еркетай»
13.30 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
14.10 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.30 Анимация. Отандық / «Глобус»
14.55 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
15.40 «Үйрен де жирен!»
танымдық бағдарламасы
16.05 «Клео мен Кукин»
Мультхикая.
16.30 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Көне құмыраның сыры» /Эл-Фараби
17.20 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.40 «Хайди»
Мультхикая.
18.30 Тұсаукесер!
Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
18.45 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
19.10 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
19.35 Анимация. Отандық / «Сәби»
19.55 Анимация.
Отандық / «Глобус»
20.10 «Мисс Кәусар»
танымдық жобасы
20.25 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»

21.00 «Зак дауыл»
Мультхикая.
21.30 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
21.45 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.00 «Жасөспірім Марко»
Полоның хикаялары»
Мультхикая.
22.25 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
22.40 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
22.50 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
23.10 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
23.55 «Бесік жыры» –
Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Orken style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық»
(Архив) – Қайталау
16.00 Ем болсын
16.20 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.10 Менің – Анам, Әкем
18.00 Өнер қырандары
19.00 Тәтті time – Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 «Сырласайық» – Психологиялық бағдарламасы



АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
М/ф
09.20 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Жаралы сезім» х/ф
15.10 «Алдараспан»
18.10 «Бизнес по казахски в Америке» х/ф
20.00 «SaraTimes»
апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «100% махаббат»
телехикаясы
00.50 «Кенже» телехикаясы
02.15 «Жаралы сезім» х/ф
04.30 «Ұлым» түрік телехикаясы
05.15 «Үздік әзілдер»



«ДАМУ» ҚОРЫ

Білім беру мекемелерін мемлекеттік қолдау

«Даму» қоры қолдаған білім беру саласындағы жобалар жақсы әлеуметтік-экономикалық нәтиже берді



Білім беру – Қазақстан экономикасының басымдық берілген салаларының бірі. Оны мемлекет біраз жылдан бері «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы қолдап келеді. 2016–2020 жылдар аралығына дейін қор жалпы несие сомасы 193,6 млрд теңгені құрайтын 1863 жобаны қолдады. Осылайша республика бойынша білім беру саласында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің жалпы санының 3%-ы «Даму» қоры арқылы мемлекет қолдауына ие болды.

«Даму» қоры қолдаған білім беру саласындағы жобалар жақсы әлеуметтік-экономикалық нәтиже берді. Бес жыл ішінде 1500-ден астам жұмыс орны құрылды, салыққа 17,9 млрд теңге төленді, 275,2 млрд теңгеге білім беру қызметтері көрсетілді. Осылайша мемлекет білім саласына салынған субсидияның әрбір теңгесі үшін ел экономикасына салық түрінде төленетін үш теңгеден сәл артық қаражат қайтарып отыр. Бес жылдық кезеңде «Даму» қоры қолдау көрсеткен жобалар арасында төленген салық мөлшері бо-

йынша көшбасшы Алматы (6,7 млрд теңге), Нұр-Сұлтан (3,3 млрд теңге) және Түркістан облысы (1,9 млрд теңге) болды.

Алматы қаласында мемлекеттік қолдауға

Жалпы, Қазақстан экономикасы жастарға білім беруді дамытуға, балабақшалар мен мектептердің қызметіне қолдау көрсетуге бағытталаып жатқаны, ал салынған қаражаттың салық арқылы үш еселеніп қайтарылатыны, әрине, қуантарлық жағдай. Себебі, білімге берілген ақша ел экономикасының дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына орасан зор үлес қосып, ең алдымен, адамдардың өмір сүру сапасын арттыруда.

ие болған жарқын мысалдар жетерлік. Несиелік қаражат құрылысқа, мектеп ішін тиісті жабдықтармен жабдықтауға, көгалдандыру мен абаттандыруға алынды. Сондай-ақ, жиһаздарды, ойын алаңдарын жаңартқан, жалға алу ақысын төлеген көптеген балабақшаларға қолдау көрсетілді. Олардың барлығын мемлекет қолдау құралдарының көмегімен несие бойынша пайыздық мөлшерлемені арзандату мен кепілдікті қамтамасыз ету бойынша кепілдендіру арқылы қолдады.

2020 жылдың соңында портфельдік субсидиялау мен кепілдік беру енгізілді және білім беру саласындағы компаниялар жаңа өнімді пайдалануға дайын болды. Бұл бағдарлама бойынша шарттар тартымды болып шықты – кредит сомасы 20 млн теңгеден аспайды, үш жылдан аспайтын мерзімге беріледі, кәсіпкер кредит бойынша мөлшерлемені 6%-ын төлейді. Кредиттің мақсаты – инвестициялар мен айналым қаражатын толықтыру болуы мүмкін. Бағдарлама іске қосылғаннан бері және осы уақытқа дейін 1 млрд теңгеге 124 жоба субсидияланды. Ақшаның жартысы инвестициялық мақсаттарға, екінші бөлігі айналымды толықтыруға қолданылды. Бұл бағыт бойынша мемлекеттік қолдаудың көшбасшылары Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы мен Алматы облысы болды.

Жекеменшік білім беру мекемелерін мемлекеттік қолдау үлкен сұранысқа ие. Соңғы бес жылда қолдау көрсетілген жобалар саны төрт есеге, 2021 жылы 641 жобаға дейін ұлғайды.

ТӘРБИЕ

Діни сауаттылық маңызды

Алматы қаласы Дін мәселелерін зерттеу орталығының ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері қалалық Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мемлекеттік мекемесіндегі жеке құрам қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қазіргі қоғамдағы дәстүрлі емес діни ағымдардың сипаттары мен олардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдеріне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, зайырлы қоғам қағидаларын түсіндірді. Слайдтар көрсетілді.

Мұндай іс-шаралардың мақсаты – жастармен жұмыс істейтін, олардың тәрбиесімен айналысатын жеке құрам қызметкерлері арасында деструктивті діни ағымдарға қарсы діни сауаттылықты арттыру.

Кездесу соңында PhD докторы Алмасбек Шағырбай мекеме қызметкерлерінің тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Суреттер байқауы

Балалар колониясында «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қорының өкілдері ЛА-155/6 балалар колониясында жазасын өтеп жатқан жеткіншектер арасында сурет салудан байқау өткізді.

Жасөспірімдер салған суреттерін қазылар алдында таныстырып, ояларымен бөлісіп, шығармашылық жұмыстарын қорғап шықты. Байқаудың қорытындысында жазасын өтеуші Б.Шілдебайдың «Наурыз көже» деген тақырыптағы суреті 1-орынға лайықты деп бағаланды. 2-орын С.Орынбасардың «Жайлауына», ал 3-орын А.Жолдыбаевтың «Бәйшешек гүлдер» атты туындысына берілді.

Суреттер байқауын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өнерлі студенттері концерттік бағдарламасымен әрледі. Мерекенің соңында қоғамдық қор өкілдері жазасын өтеп жатқан суретші жасөспірімдерді мақтау қағазымен марапаттап, сыйлықтар ұсынды.

Өнерін лайықты бағалады

Алматы қаласы ҚАЗ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде жастар «Көңілді тапқырлар алаңында» кездесті.

Көңілді де тапқыр қыз-жігіттер арасында балалар колониясында жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерден құралған «Sabziro» және «Айқай-шоу» командаларымен бірге, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Айжан» командасы қатысты.

Жарыс «Сәлемдесу», «Бес жаналық айту», «Үй тапсырмасы» сынды үш түр бойынша өтті. Жастар білімін, тапқырлығын, әзіл-қалжыңын түрлі көріністермен шебер жеткізуге тырысты. Жан-жақты ізденгендерін көрсетті. Қазылар мүшесі де олардың өнерін лайықты бағалады. 1-орынды ЛА-155/6 мекемесінің «Айқай-шоу» командасы алса, 2-орын да осы түзеу мекемесінің жеткіншектеріне бұйырды, яғни «Sabziro» иеленді. Ал Қазақ ұлттық университетінің «Айжан» командасы 3-орынды қанағат тұтты.

Жастарға кітаптар, сыйлықтар ұсынылды.

Нұр ЖАМАЛ.

ЦИФРЛАНДЫРУ

2020 жыл біздің қоғам мен мемлекетке барлық салада цифрландырудың қалай қажет екенін көрсетті. Пандемия кезінде барлық компаниялар айқын бір қиындыққа тап болды. Бұл қызметкердің қашықтан жұмыс істеу жүйесі мен қағазбен, қолмен жасалатын процестердің күрделілігі.

Осыдан кейін көптеген компаниялар бизнес-процестерге цифрландыруды енгізе бастады. Бизнес-процестерді сандық форматқа көшіру цифрландыру деп аталады. Цифрландыру кезінде олар ағымдағы жағдайды бір мезетте көріп, болашақта не болатынын болжауға мүмкіндік беретін виртуалды бизнес моделін жасайды.

Бизнес қана емес, оны қолдауға бағытталған бағдарламалар да цифрлық технологияларға барынша бет бұруда. Шағын және орта бизнеске «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы көрсетілетін мемлекеттік қолдау ашық, барынша қолжетімді, ыңғайлы және жылдам болуы үшін тиісті шаралар жүргізілді. 2016 жылдан бастап «Даму» қоры eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы кепілдіктер бойынша қызметтерді цифрландыруға және өтінімдер қабылдауға кірісті. Қазір кәсіпкерлер алынған несие бойынша мемлекеттік қолдау алуға өтінім беру үшін мемлекеттік порталды да, қордың жеке порталын да – online.damu.kz арқылы пайдалана алады. «Даму» қоры кәсіпкердің таңдауы болуы үшін барлығын жасайды – кез келген порталда тіркеле отырып, ол ШОБ өкілдері үшін қызметтердің барлық спектрін ала алады.



Виртуалды бизнес

Бүгінде субсидиялау бойынша онлайн-өтінімдердің үлесі 97 пайызды, ал кепілдік беру бойынша – 98 пайызды құрайды.

Алматы қаласының кәсіпкерлері онлайн сервистерді таңдайды. Біздің қала үшін бизнеске кредит берудің қолданыстағы бағдарламаларын қордың сайтынан табуға және өзіне лайықты бағдарламаны таңдауға болады. Егер 2019 жылы қордың ең танымал екі қызметіне орташа есеппен барлық өтінімдердің 24,5 пайызы қашықтан берілсе, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепіл болмаған кезде кепілдік беру қазір 2020 жылы 66 пайызды, ал 2021 жылы барлық өтінімдердің 97,5 пайызын құрады. Бұл ретте

2021 жылы екі жүзден астам адам ғана «Даму» қорының кеңселеріне барып, субсидиялау және кепілдік беру бойынша өз өтінімдерін ресімдеді.

Мұндай цифрландыру клиенттер үшін ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар процестердің ашықтығына кепілдік береді. Сондай-ақ, осы бағдарламалар бойынша субсидиялау және кепілдендіру шарттарына электрондық цифрлық қолтаңба арқылы үш тарап – кәсіпкер, банк және «Даму» қоры кеңсеге бармай-ақ қол қояды. Осылайша бұл шағын және орта бизнес өкілдеріне уақыт пен ресурстарды жұмсамай-ақ, қызметтерді қашықтан алуға мүмкіндік береді.

Дайындаған Динар МҰРАТҚЫЗЫ.



АТА-АНА БҰРЫШЫ

«ҚҰШАҒЫМДЫ ТОЛТЫРҒАН» немесе балаңызды қалай еркелетесіз?

«Құшағымды толтырған!» депші маған», – деді «Күміс қасығым». Өзіне күнде айтатын сөзімді тағы естігісі келіп тұр. Күнде жұмыстан келе салып бірінші, кішкентай ғой деп соны құшақтаймын. Осы бір сиқырлы сөзімді айтамын. Ол нұрланып сала береді.

Кезінде мен жеті ұлдың ара-сында өскен жалғыз қыз болсам да, әке-шешем еркелеткен емес. Жақсы көрмегендігі емес, салқынқанды, сабырлы кісілер еді.

Кез келген балаға «айналайын» керек. Олар гүл ғой. Гүлге күннің көзі түссе, басын көтеріп, жайқалып сала береді емес пе. Мен ана ретінде «Алтын асығым» мен «Күміс қасығымнан» жылы сөздерімді аямаймын. Сондықтан да құшағым ылғи толып тұрады.

Ал сіз балаңызды қалай еркелетесіз?

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА:

– Кішімнен бастайын: Айкен – балапан, ортаншым Жармахан – қошақан, ал ең үлкенім Димаш – ботақан. Кейде қателесіп қаламын. Сондайда Айкен: «Мама, мен балапанмын. Ал ағаларым қошақан, ботақан», – деп түзетіп отырады.

Жанар ЖЫЛАНДЫ:

– Өкінішке орай, баламды кішкентай кезінде өте сирек еркелетіпін. 16 жасында колледжге оқуға аттанған кезде, бір сәт менен алысырақ кеткенде ғана еркелететін болдым. Қазір жасы 22-де, жақсы сөздерімді де, жақсы істерімді де аямай үйіп-төгемін. Балама да ұнайтынын байқаймын. Кейде «бұдан да кішірек кезінде неге көбірек еркелетпегенмін» деген өкініштің өзекті тырнап-тырнап жіберетіні бар. Уақытты артқа бура алмаймын тек. Сондықтан баладан жылы сөзімді аямайқшы.

Лиза АМАН:

– Жұмыстан үйге оралған сәттен-ақ қызымды айналып-толғанып, «ботақаным, айым, күнім, сұлу қы-



зым» деп өбектей жөнелемін. Өлденені ойлап келе жатасың дегендей, кейде әлгі сөздерімді табалдырықтан аттай салғанда айтуға кешігіп қалсам, өзі осы сөздерді қайталап, «сіз айтпадыңыз» деп ренжитіні бар. Балаға жылы сөздер өте керек, оған ұнайды. Жанын қанаттандырады. Өзін де балаңның шуақты жүзін көріп қуаттанып қаласың.

Шынар ОМАРОВА:

– Еркелету дегеннен шығады. Бір құрбым айтып күлдірген еді. 8 наурызда ата-аналарды мектепке шақырған ғой, құттықтауға. Апайы балаларға «ал сендерді аналарың қалай еркелетеді?» деп сұрапты. Балдырғандар жан-жақтан «алтын», «жаным», «күнім» деген сөздерді жаудырып шулап кетіпті. «Тағы кімді қалай еркелетеді?», – деп апайы қайталап сұрағанда, бәрі үнсіз дейді. Бір кезде құрбымның баласы «сасығым деп еркелетеді» деп қойып қалғанда, басқалар ду

күліп жіберіп, құрбымның қатты ұялып қалғаны бар екен. «Өзімнен де бар, даладан тер-тер болып ойнап келгенде мейірленіп шашынан иіскеп, «сасығым менің, бар, жуына ғой» дейтін едім», – деп күлдірген. Бала деген – тап-таза періште ғой, нені естиді, соны қаз-қалпында жеткізеді.

Алтын ЖҰМАТАЕВА:

– Әкесі кіші ұлды «ашубасар» деп еркелететін. Бір күні біреу атың кім деп сұраса, Ашубасай деп тұр («р»-ға тілі келмейтін). Қазір бұл бала «ашубасар» емес, «ашушақырар» (күледі). Тезірек үйленіп, «ашубасарлар» келсе екен деп армандап жүрміз.

Тұрған БҰҚАБАЕВА:

– Қазір балаларымыз есейген, енді немерелерді айналып-толғанып жүрміз. «Ай ма екен, күн бе екен, жок әлде жұлдыз ба екен!», – деймін құшағымға қысып. Еркелететін жандарымыз көп болсын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«АЙНАЛАЙЫН!»

Бұрын егде жастағы адамдар ауруға шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін өздерін құрбандыққа атаған деседі. Ол үшін ауырған адамды үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстайтын болған. Осыдан кейін жас адам жазылып, ал науқасты айналған қария ауруға шалдығады немесе қайтыс болады екен.

Қазақ содан бері бұл сөзді ұмытпай, балаларына «айналайын» деп еміреніп отырады екен. Онысы «сенің жолыңда менің жаным құрбан» дегені көрінеді.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Әсем осыдан бір жыл бұрын үлкен махаббатпен тұрмыс құрды. Жұбайы екеуі шаңырақ көтергенге дейін біраз уақыт кездесіп, қыз бен жігіт болып қол ұстасып, айлы кештерде сыр шертісіп, бақытты сәттерді бастан кешірген. Жігіті жиі-жиі гүл сыйлап, әрдайым қуанып отыратын. Осындай қамқорлығы үшін риза болып, «өмірлік серігімді адаспай таптым» деп қуанатын. Екеулеп болашаққа үлкен жоспар құрды.

ҚЫЗҒАНЫШТЫҢ ҚҰРБАНЫ

Әр арудың арманы – некелі тойында ақ көйлек кию ғой. Әсем де арманындағы әдемі аппақ той көйлегін киіп, аста-төк той өтті. Екі жасты ортаға алып суретке түскен жақын-жуық ағайынның, меймандардың ақ тілектері екеуін тіпті қанаттандырып әкетті. Өкінішке орай, бұл қуанышты күндер ұзаққа созылмады...

Күйеуі шектен тыс қызғаншақ болып шықты. Жігіт кезінде бұл мінезін байқатпаған екен. Үйлену тойынан кейін-ақ Әсемнің әр қадамы санаулы, жүрген-тұрғаны қатаң бақылауда болды. Бүгін қайда баратынын, ертең не істейтінін жарына алдын ала айтып отыру міндеттелді. «Әрдайым күйеуге бағынуым керек» деп түсінген Әсем онысына тез көнді. Бірақ әйелдің басы артық жүрісі болмаса да, күйеуінің сынықтан сылтау тауып алатын көзсіз қызғанышқа толы әрекеттері шектен шығып бара жатты. Тіпті, «ешкіммен менің рұқсатымсыз кездесіп, сөйлеспеуің керек» деген тыйымы туған-туысынан да алыстатып бара жатқандай болды. Сондықтан ұрыс-керіс те жиілей берді. Сонда да «сәбилі болсақ, бәрі дұрысталады» деп үміттенді Әсем.

Өмірге нәресте келді. Бірақ ұрыс-жанжал үдемесе, азаймады. Жас болған соң, төрт қабырғаға қамалып отырғысы жоқ, тым болмаса бөбегін қолясқа салып алып есік алдында серуендегісі келеді. «Үйде отыр, баламен қайда барасың!», – деп сыртынан бекітіп, қамал кететін күндерге жетті. Қарсылық білдірсе, соққыға жығатын. Мұншалықты агрессияның қайдан шығып жатқанын түсінбей дал болатын Әсем. Жасыратыны жоқ, жарының тарапынан жылылық сезінбеген соң, келіншек те агрессияға бой алдырды.



Күйеуінің баласы екеуін сыртынан бекітіп кеткенде, басқа қыздармен көңіл көтеріп, теріс жүріске салына бастағанын білді. Әсем оның телефон арқылы әлдебір қыз-келіншектермен сөйлесіп жатқанын талай естіп, тіпті романтикалық хаттардың да куәсі болды. Алайда, Әсем тіл қата алмайтын. Себебі, қарсы келсе, күйеуі соққыға жығып тастаудан тайынбайтын. Әйелін ол тек үйде отырып, тамақ істеуші, кір-қонын жуушы ретінде қабылдады. Болып жатқан оқиғаларға, түсініспеушіліктерге, жалпы өмірге деген қандай да бір көзқарасын, пікірін білдірсе – оны еркекке қарсы келумен тең дейтін. Отбасылық соңғы жанжал кезінде Әсемді ұрып-соғып, балконнан құлатып жібермек болды. Сондықтан учаскелік полиция шақыртты. Бұған дейін де құқық қорғаушы органдарға бірнеше мәрте жүгінгені бар. Бірақ сезімін өшіріп алғысы келмей, баланың да әкесіз өскенін қаламай, кешірім жасап келген болатын.

Қазір Әсем тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйел-аналарды уақытша паналататын «Жансая» дағдарыс орталығында. Оған психолог-мамандар көмектесуде.

Бәлкім, күйеуі де ойланып, кешірім сұрап, алып кетуге келіп қалар. Нақты шешім қабылдау Әсемнің өз еркінде, уақыттың еншісінде. Ал біз қайткенде де отбасының сақталғанына, екі жастың қайта қосылғанына тілекшіміз.

ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТ

ҮНЕМДЕГЕН ҰТАДЫ

«Көп ақша табу – батырлық, оны сақтау – ақылдылық, ал үнемдеп жарата білу – өнер». Аз ақшаның өзін үнемдеп ұстауға болады дейді мамандар. Ол үшін мына кеңестерге құлақ асайық.



Дүкенге шығар алдында ең қажетті деген заттардың тізімін жасап алыңыз.

Қандай зат сатып алсаңыз да, жазып отыратын кітапша арнаңыз. Тіпті, жолыңызға кеткен 80 теңгені де түртіп қойыңыз. Аптаның не айдың соңында кітапшаңызды ашып қараңыз. Бұл өз-өзіңізге есеп беруді үйретеді.

Тісіңізді тазалау кезінде суды өшіріп қойыңыз. Жуынуға кем дегенде 3 минут кетеді. Осы уақыт ішінде қрандағы қанша су бостан-босқа ағып кетпеуіне назар салыңыз.

Түнде жатар алдында бөлмелерді аралап, жарықтың сөнгенін қадағалаңыз. Жарықты жағып қойып, ұйықтап кететін кездерімді аз емес. Киім үтіктеп отырғанда телефон шырылдаса, үтікті суырып барып, телефонға жүгіріңіз.

Зерттеушілердің айтуынша, әлемдегі адамдардың басым көпшілігі тамақты тоназытқышқа сақтап қойып, кейін оны «уақыты өтіп кетіпті» деп пайдаланбаған күйі лақтыра салады

екен. Яғни шектен тыс көп тамақ сатып алған соң, азық-түлік таусылғанша сақталып тұрған тамақтар жеуге жарамсыз болып қалады. Мәселен, әдетте картоп пен пияз көп тұрып қалса өніп кетеді емес пе. Сондықтан тамақ сатып алғанда өте ұқыпты болыңыз.

Дүкенге өз пакетіңізбен барыңыз. Көшеге шыққанда су сатып алмау үшін қайта пайдалануға болатын бөтелке қолданыңыз. Тамақты өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Пайдалануға қажетті болып қалатын жақсы банкілермен мен қораптарды тастамаңыз.

Сөз соңында айтарымыз: бір нәрсені сатып алмас бұрын өзіңізге мына бес сұрақты қойыңыз:

1. Бұл қажеттілік пе, жоқ әлде жеке қалауым ба?
2. Маған дәл осы нәрсе керек пе?
3. Мұны пайдаланып жүргенімді көз алдыма елестете аламын ба?
4. Мұны қаншалықты жиі қолдана аламын?
5. Уақытымды сарп етерлік дүние ме?

ТӘМСІЛ

Бір әйелдің күйеуі қайтыс болып, жас балаларымен жесір қалыпты. Отағасының орны ойсырап тұрса да, аты өшпесін деп, күйеуінің киімін үйдің кіреберісіне іліп қойып, ай сайын қалтасына шамалы ақша салып қояды екен.

Балалары өзінен ақша сұраса, әйел: – Өне, әкенің қалтасында ақша тұр, содан ала қойыңдар, – дейді екен.

Иә, аяулы жар, мейірімді ана бұл қадамын «әке» деген биік ұғымның балаларының жадында үнемі жаңғырып тұруы үшін жасаған болатын.

ЕЗУАРТАР



ЖАҢА ӨМІР

– Балам! Біз бәріміз алдағы дүйсенбіден жаңа өмір бастайтын болдық. Мен диетаға отырып, арықтауды қолға аламын, ал әкең темекісін тастайтын болды. Сен ше?

– Ал мен мектепті тастай аламын.



БАЛА ТІЛІ – БАЛ

КӘМПИТ

– Әке, сіз маған түсімде кішкентай шоколад сатып алып беріңіз.

– Балам, бұзықтық жасамай, тәрбиелі, әдепті болсаң, түсінде үлкен шоколад та сатып әперетін боламын.

БАЛМУЗДАҚ

Үйіне ентіге жүгіріп кірген бала анасына:

– Анашым, 100 теңге бересіз бе? – дейді.

– Оны қайтесің, балам?

– Бір кәрі апаға берейін деп едім.

– Жарайсың, балам, ақылдым сол! Дұрыс, қайырымды болу керек! Ол кісі қай жерде?

– Мына көшенің бұрышында, балмұздақ сатып отыр.

ТЫШҚАН

– Ана, ана, қайнап жатқан қазанның ішіне тышқан түсіп кетті, – депті бала. Анасы шошып кетіп:

– Алып тастадың ба енді? Күйіп қалмадың ба өзін, не істедің? – десе, немересі:

– Тышқанды ұстасын деп артынан мысықты салып жібердім, – деген екен.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға
жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы 2022–2026 ж.ж. кезеңіне бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында газдандыру бойынша шаралар жоспарланғанын хабарлайды. Жоспар қаланың жеті ауданында аумақ бойынша бөлінген жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін қамтиды (бұл учаскелер тұйық немесе жаңадан құрылған алқаптардың бір бөлігі болып табылады).

Жоспарды дайындау үшін бастапқы деректер Алматы қаласы аудандарының әкімдіктері ұсынған мәліметтер мен тұрғындардың газдандыру мәселесі бойынша өтініштерінен алынды.

Жоғарыда көрсетілген шараларды орындау шеңберінде АлӨФ тарапынан газ тарату құбырларының құрылысы жүргізілуде.

№ р/н	Нысанның мекенжайы	Сыртқы газбен жабдықтау жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету
1	«Шаңырақ-2» ы/а, Марқакөл көш. 171, 173, 175 үйлерді газдандыру (Алатау)	3 үй
2	«Қарасу» ы/а, Зеренді көш. 59, 76, 76 А, 67, 80, 82, б/н үйлерді газдандыру (Алатау)	7 үй
3	«Қарасу» ы/а, Бағаналы Орда көш. 43-1,43-3 үйлерді газдандыру (Алатау)	2 үй
4	«Қарасу» ы/а, Новостройка көш. 164-үйді газдандыру (Алатау)	1 үй
5	«Көкқайнар» ы/а, Иманов көш. 28-үйді газдандыру (Алатау)	1 үй
6	«Көкқайнар» ы/а, Мәметова көш. 210-үйді газдандыру (Алатау)	1 үй
7	«Өжет» ы/а, Шәлкөде көш. 112-4, 112-5, 112-6, 144-6 үйлерді газдандыру (Алатау)	4 үй
8	«Томирис» ы/а, Ермбет көш. 28, 30 үйлерді газдандыру (Алатау)	2 үй
9	«Дархан» ы/а, Мұғалжар көш. 35, 37, 39, 52, 56, 70 үйлерді газдандыру (Алатау)	6 үй
10	«Рахат-Мәдениет» ы/а, 286-6 уч. газдандыру (Алатау)	1 үй
11	«Рахат-Мәдениет» ы/а, 306/21, 303, 305/22, 306/21, 303, 302/23, 306/22, 305/22, 303/22, 304/21, 306/26 уч. газдандыру (Алатау)	11 үй
12	«Алтын бесік» ы/а, Ж.Шанин көш. 7-үй, Каргалинский тұйық көш. 1 Б, 1 В үйлерді газдандыру (Алатау)	1 үй
13	с/т Алма газдандыру (Алатау)	50 үй
14	с/т Уют газдандыру (Алатау)	60 үй
15	Шарипов көш. 103-2 үй газдандыру (Алматы)	2 үй
16	Брусиловский көш. 136 А үйді газдандыру (Алматы)	1 үй
17	с/т Труд газдандыру (Бостандық)	26 үй
18	с/т Проектировщик газдандыру (Медеу)	45 үй
19	с/т Природа газдандыру (Бостандық)	15 үй
20	Володарский көш. 2 А газдандыру (Бостандық)	2 үй
21	Бурундайсая–Ходжамьяров–Палладин көш.газдандыру (Жетісу)	43 үй
22	Ходжамьяров көш. б/н, 95-13 газдандыру (Жетісу)	18 үй
23	Первомайка а., Талант көш. газдандыру (Жетісу)	7 үй
24	ПКСТ Родник 987, 891 уч. газдандыру (Медеу)	2 үй
25	«Көлсай» ы/а, с/т Связист газдандыру (Медеу)	5 үй
26	«Алатау» ы/а, с/т Алма 191 ИЯФ уч. газдандыру (Медеу)	1 үй
27	эл-Фараби 71/10 даңғ. газдандыру (Бостандық)	1 үй (50 пәтер)
28	«Шұғыла» ы/а, Тарғап тұйық көш. (Наурызбай)	19 үй
29	«Маяк» ы/а, Авиатор көш. 157, 158, 161 үйлерді газдандыру (Түркісіб)	3 үй
30	Заречная көш. 44-үйден 3-үйге дейін газдандыру (Түркісіб)	4 үй
31	Ногайбаев көш. 82-үйді газдандыру, Белорусская көш. қиылысы	1 үй (10 пәтер)
32	«Көлсай» ы/а, Дәуір көш. газдандыру	6 үй
33	«Жас қанат» ы/а, 939/3, 936/1, 391/1 және б/н үйлерді газдандыру	4үй
34	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Саймасай және Қайнар ауылдарын газдандыру	1150 үй

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ

Қазақ медицинасы үшін
ауыр қаза

Қазақ медицинасы тағы бір айтулы дәрігерінен айырылды. Отандық медицинаның дамуына ерекше еңбегі сіңген, Қазақстанның Еңбек Ері, медицина саласының үздігі, ауданымыз бен қаламыз жұртшылығының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген, өз ісін адалдықпен риясыз атқара білген Бибігүл Бихалиқызы 71 жасына қараған шағында

дүниеден озды. Бұл қазақ медицинасы үшін ауыр қаза.

Бар ғұмырын тек медицинаға сарп еткен Бибігүл Бихалиқызы Бихалиева 1950 жылы Шығыс Қазақстан облысында туған. Оның медицина саласындағы жалпы жұмыс өтілі – 45 жыл.

1973 жылы Семей қаласындағы мемлекеттік медициналық институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолын аймақтық-терапевт дәрігері ретінде 1974 жылы бастаған. 1986 жылдан 2010 жылға дейін Қаскелең аудандық емханасында, №8, №14 қалалық емханаларда бас дәрігер болып қызмет атқарған. 2010 жылдан 2012 жылға дейін «АМСК орталығы» МКҚК директордың міндетін атқарды. 2013 жылдан 2021 жылға дейін №23 қалалық емханада сарапшы-дәрігер болды.

Бибігүл Бихалиқызы Бихалиева өз кәсібі әлеуетін үнемі жоғарылатып отыратын жоғары біліктілік санаты бар дәрігер еді. 3 бала тәрбиелеп, 9 немере сүйген.

Жұмыс барысында қала тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуде аянбай еңбек етті. Емхананың қоғамдық өміріне белсене араласатын, жас мамандардың тәлімгері болды. Бастамашыл маман емханалық қызмет жұмысын жетілдіру бойынша мәселелерді шешуге зор қабілетті еді. Өз лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтын нағыз білікті маман болды. Өнерді жаны сүйетін, ән айтқанды жақсы көретін, домбыра шертетін еді...

Адал еңбегінің арқасында әріптестері мен науқастар арасында беделді, құрметті бола білді. Мінезі жұмсақ, ақжарқын, өте еңбеккер еді. Жас ұрпақтың дана тәлімгері жүрегімізде мәңгі сақталады!

№23 қалалық емхана ұжымы

Бибігүл БИХАЛИҚЫЗЫНЫҢ отбасына, жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРҮ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ДӘСТҮР

МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР

Ғашықтар күніне орай білезік пен кестелі орамалды символға айналдыруға болар еді

Ертең – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күні. Жылдағы дәстүр бойынша ғашықтар күні елімізде 15 сәуірде аталып өтеді. Қазақстанда ұлттық ғашықтар күнін атап өту туралы бастама 1999 жылы көтерілген болатын.

Елімізде батыстан келген Әулие Валентин күні емес, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнін асыға күтетін жастар қарасы жыл санап көбейіп келе жатқаны куантады. Жаймашуақ көктемнің ортасында мерекеленетін ұлттық ғашықтар күнін қоғам және мемлекет қайраткері Дархан Мыңбай ұсынған болатын. Ол жастар ұйымдары, оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттық ғашықтар күнін мерекелеуге шақырды.

Атаулы күнде желгі дәстүрлерімізді жаңғыртып, заманға сай қолдана білуіміз керек. Бұл күні бозбалалар мен бойжеткендер бастаңғы жасаса болады. Ертеректе ауылда үйдің үлкендері жолаушылап кеткенде, ауыл жастары сол үйге жиналып, бастаңғы жасаған. Осындай кештерде ән айтылып, күй шертіліп, ойындар ойналған. Айлы, жарық түнде аксүйек ойнаған. Алтыбақан құрылып, бозбалалар мен бойжеткендер махаббат әндерін шырқап, бір-біріне жеткізе алмай жүрген сезімдерін тұспалдап жеткізген.



Бойжеткендер өз сезімін кестелі орамал сыйлау арқылы білдірген. Ал бозбалалар болса «селт еткізер» сыйлықтар, яғни білезік, жүзік, сырға, моншақ сынды сәндік бұйымдарды сыйлаған.

Ғашықтар күніне орай білезік пен кес-

телі орамалды символға айналдыруға болар еді. Кестелі орамалдарға Қозы Көрпеш – Баян сұлудың бейнесін салып, арнайы белгісі бар білезіктер шығаруға болады. Қызыл жүрекшелерді ұлттық нақышта жасап, ұсынса көпшілікке қолжетімді болар еді.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

1. «Махаббат» терминінің түп төркіні «lubhyati» сөзінен шыққанға ұқсайды. Ол «қалау» деген мағынаға ие.
2. Әлем бойынша орта есеппен алғанда жігіттер өзінен үш жас кіші қызға үйленеді.
3. Неке жүзігі шылдыр шүмек аталатын саусаққа тағылады. Грек ғалымдары мұның себебін осы саусақта жүрекке тіке баратын «махаббат қан тамыры» бар деп түсіндіреді.
4. Адам ғашық болғанда өзгелердің пікіріне жауап беретін нейрондық талшықтары бітеліп қалатын көрінеді. Сондықтан шын ғашық адам ешкімнің сөзіне құлақ аспай, махаббатқа «мас» болып қалады.
5. Біреуді сүйе тырысу ұйқы келу мен қарын ашу сияқты биологиялық қажеттіліктен туады.
6. Адам сүйіктісі үшін екі жақын досымен қарым-қатынасын үзуге де дайын.
7. Көбінесе жігіттер анасына, қыздар әкесіне ұқсайтын жас іздейді. Себебі, психолог мамандардың айтуынша, бала кезінде шешілемей қалған мәселелерді осылайша бірігіп шешуді қалайды екен. Оны адам өзі байқай бермейді.
8. Филофобия – сүйуден не ғашық болудан қорқу.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғашықтық тарихы

Мерейлі мерекеге арқау болған Қозы Көрпеш – Баян сұлудың тағдырынан сыр шерте отырайық...

Қозы Көрпеш – Баян сұлу эпосы – халқымыздың інжу-маржаны, асыл қазынасы. Бір-біріне қосыла алмаған қос ғашықтың қайғылы махаббатын жырлайды. Лиро-эпостық жыр XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасы тұсында қағазға түсірілді.

Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп, құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Сол кезде аң аулап жүріп, ұлды болғанын естіген Сарыбай баласын көре алмай, қаза табады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян жүздерін көрмегенімен, бір-біріне ғашық болады. Уақыт өте келе сараң Қарабай қызын жетім ұлға бергісі келмей, бір кезде отарын жұттан құтқарған, жергілікті палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың арасына тосқауыл болған Қодар айланып асырып, зұлымдықпен Қозының басын алады. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян өш алу үшін қулыққа көшеді. Ол Қодарға өзіне құдықтан су алып берсе, күйеуге шығатынын айтады. Алданған Қодар Баянның шашынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде айлакер қыз бұрымын кесіп тастайды. Қодар түпсіз тұңғыздыққа құлап, қаза табады. Сөйтіп, Қозының кегі қайтарылады. Батыр қыз ғашығының күмбезіне келіп, өзіне қанжар салып, қол жұмсайды.


Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың ізі тек жырда ғана қалған жоқ, қос ғашықтың көзіндей болып келе жатқан мазар да бар. Бұл мазар Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық теміржол бекетінен 10 шақырымдай жерде, Аягөз өзенінің бойында орналасқан.

Баршаңызды алдағы, 15 сәуір – Ғашықтар күнімен құттықтаймыз!

Бетті әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

(Дереккөз: Суреттер мен деректер ашық интернет көздерінен алынды).

СКАНВОРД



- 1) Мәмбетайдың қызы Қалқаманның ғашығы?
- 2) Ескендір Хасанғалиевтің «Ескірмеген махаббат» әні кімге арналған?
- 3) «Махаббат, қызық мол жылдар» романының авторы?
- 4) Фаризажан деп жырлаған ақын?
- 5) Төлеген мен Қыз Жібектің сезімдеріне қарсы кейіпкер?
- 6) Қазақтың лиро-эпос жырының символы.
- 7) Естайдың ғашықтық әні?
- 8) Жас Абайдың сүйген қызы?

САУАЛНАМА

Сахнада да, өмірде де жұптары жазылмайтын әрбір жұлдызды жұптың ерекше махаббат хикаясы бар. Бірі студенттік кезде таныс болса, енді бірі киелі сахнада бас қосқан. Бір-біріне деген ынтық сезім арқылы халықтың көңілінен шыққандары да жетерлік. Осы орайда «Қос жүрек», «Тәттім-ау», «Көздер-ай», «Біз бақытты жандармыз» атты әндерді әуелете шырқап, халықтың сүйіспеншілігіне ие болған әншілердің махаббат хикаясымен таныс болыңыздар.



Қанат пен Света

Света Айтбаева: – Қаламызда «Қыз сыны» байқауы болып, мен II орын алдым. Сол кездегі әділқазылар ішінде Қанат та болыпты. Кейін мен облыстық байқауда I орын алып кеттім. Ол сол кезде мені байқап, артынан танысып, дос болдық. Біз кеңес заманының соңғы жағын көрген адамдармыз ғой. Қанат алғаш рет мені кездесуге Лениннің ескерткіші жанына шақырып, таныстығымыз жалғаса түсті. Достығымыз үлкен махаббатқа ұласып, отбасын құрдық. Бүгінде екеуміздің отау құрғанымызға 29 жыл болыпты. 3 бала өсіріп отырған жайымыз бар.



Токтар мен Бейбіт

Бейбіт Сейдуа-лиева: – Токтармен алғашқы таныстығымыз Алматыда өткен «Нұр-Мұқасан» тобының концертінде басталды. Содан кейін ұзақ уақыт ағалы-қарындас болып араласа бастадық. Бірде Токтар қыз баламен қосылып, ән айтпақшы болып, өзіне жұп болатын қыз іздейді. Таңдауы маған түсіп «Өзің ғана» әнін орындай бастадық. Сол әнді орындағаннан кейін-ақ, халық бізді қосып қойды. «Екеуі кездеседі екен, көңіл жарастырған екен» деген сияқты түрлі өсек тарайды. Басында бұны естігенде жылайтын едім, ел бізді өсек қылып жүр деп. Ақыр аяғында сол өсек шындыққа айналды.

Болар-болмас сөзге бола, екі жаққа ажыратып жіберген кездер болды. Бірақ бір таңқалғаным, Құдайдың бұйрығы деген керемет нәрсе бар. Егер Алла Тағала оны сенің жарың, жолдасың болуды бұйыртып, қаншама қиыншылық болса да, ешқайда кете алмайды екенсің.



Қайрат пен Жұлдыз

Жұлдыз Әбдікәрімова: – 2004 жыл... Күз... Жаңа оқу жылы... РЭЦК... Қайрат – вокал бөлімінде, ал мен – актер бөлімінде оқып жүрген кезіміз. Бір-бірімізді сырттай біліп жүргенімен, арнайы таныс болған емеспіз. Бір ай бойы көзбен ғана танысып, бір-бірімізді бақылап жүрдік. Қазан айының шуақты күнінде, асханада, түскі асқа келгенде Қайратты жоғарғы курстың бірі (өздерінің жүйесі бойынша) қасыққа жұмсағанын құлағым шалып қалды. Атып тұрдым да, Қайраттан бұрын қасық тұрған ыдысқа жетіп барып, қайта бұрылып: «Өзім апарып беремін» дедім де, оған жымынып кете бардым. Қайрекең сол арада «сылк» ете түсті. Құдды үнді киносындағыдай болды. Алғашқы кездесуімізде ол сол кезде мені үнді актрисаларының біріне ұқсатқанын жасырмады. Таныстығымыз осылай басталып еді.